



БІЛІМ КІПТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№3(165), 2022
Наурыз
Март

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Н. Әлқожаева	
Педагог, ғалым Жамал Рахимовна Баширова 80 жаста	3
Н. Әлқожаева	
Өнегелі ұстаздың ғибраты	5
Ұ. Төлешова, А. Утебаева	
Еңбегі үлгі, өмірі өнегелі ұстаз	7
Ж. Шұлғубаева, Э. Таубаева	
Колледж студенттеріне экологиялық білім мен тәрбие беру	10
Г. Шайхиева	
Оқушылар дебат қозғалысын жандандыру – Қазақ елінің болашақ элитасын қалыптастыру	13
А. Утербаева	
Оқушыларды әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің тазалығына баулу	17
А. Чурекбаева	
Развитие творческих способностей учащихся начальных классов в урочной и внеурочной деятельности	19
А. Турсынбаева	
Обучение младших школьников анализу и оцениванию собственной деятельности	22
А. Кенжалиева	
Чемпионат профессионального мастерства – «WorldSkills»	24
Қ. Алпысбаева, А. Саурбаева	
Жетіген аспабының дамуы туралы мәселелер	28
К. Каримсакова	
Әр мұғалім шебер бола білуі керек	32
Г. Джамалова	
Тәуелсіздік – ел тарихы	33
А. Сисенбаева	
«Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы оқушыларды рухани тәрбиелеу	35
Д. Бекназарова	
Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімдердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру	37
Г. Абжетова	
№71 сабақ. Атау септік	40
А. Хайдаров	
Бауыржан атаның аманаты	44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІПТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
3.03.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информации РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 3.03.2022 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Педагог, ғалым

Жамал Рахимовна БАШИРОВА 80 жаста

БАШИРОВА Жамал Рахимовна 1942 жылдың 24 ақпанында Өскемен қаласында дүниеге келген.

1964 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының математика факультетін аяқтаған.

1964-1972 жылдары мектепте физика пәні мұғалімі, 1972-1976 жылдары ҚазССР Білім беру министрлігінде, 1976-1984 жылдары Б. Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі, бірнеше жыл қатарынан ҚР Білім және ғылым министрлігіне тәжірибелі ғалым-педагог ретінде ҚазССР білім беру Министрлігінде ОӘС мүшесі болды.

1987-1991 жылдар аралығында Республикалық педагогикалық оқулар секцияларының жұмысын басқарды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығына сәйкес «Педагогика» курсы бойынша типтік оқу бағдарламаларын құрастырушылардың бірі, «Жыл мұғалімі» байқауының әділ қазылар алқасының мүшесі болды.

1984 жылдан бастап 2011 жылға дейін Қазақ Ұлттық университеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасында қызмет атқарды.

Ол 1984 жылы «Преимственность между школой и ПТУ в воспитании у учащихся коммунистического отношения к труду» тақырыбында кандидаттық, 2004 жылы «Теоретические



основы университетского образования в аспекте направленности на подготовку преподавателя высшей школы» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. Оның басшылығымен 5 кандидаттық диссертация және 30-ға жуық магистрлік диссертация қорғалды.

Жамал Рахимовна университеттік білім беруді реформаландыруға байланысты стратегиялық маңызды құжаттарды жасауға үнемі қатысады. Атап айтсақ, педагогика мамандығы бойынша мемлекеттік білімдендіру



стандартын, бағдарламасын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәрбие тұжырымдамасын және т.б. Жамал Рахимовна «Педагогика», «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «ЖОО педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация теориясы», «Педагогикалық шеберлік», «Педагогтың коммуникациялық мәдениеті», «Педагогика ғылымының теоретикалық-әдіснамалық негіздері» және т.б. курстарды оқып, бағдарламаларын, оқу әдістемелік кешенін түзді. Ол сабақтарын жоғары ғылыми-педагогикалық деңгейде, жаңа технологияларды қолдана отырып өткізеді.

Жамал Рахимовна халықаралық, Республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға ҚР ҒЖБМ іргелі зерттеулеріне үнемі қатынасады, ол 100-ге жуық ғылыми еңбектердің авторы. Оның ішінде: 5 монография (Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы; Жоғары мектепте педагогикалық кадрларды даярлау мәселесі және т.б.), 6 оқу құралы (Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы; Жоғары оқу орнында СӨЖ мен СОӨЖ ұйымдастыру жолдары; т.б.), 4 тұжырымдама.

Баширова Ж.Р. Ресей және де басқа шетел ғалымдарымен (В.А. Мясников, Н.Н. Найденова, А.Н. Джуринский) шығармашылық байланыста соның негізінде Польшаның Плоцк қаласындағы халықаралық конфе-

ренцияға қатынасып, сертификатқа ие болды.

Ол сондай-ақ кафедраның қоғамдық жұмыстарына белсене араласады, 1989-2004 жылдар аралығында кафедрада әдістемелік бюроның төрайымы болып, 2006-2009 жылдарда «Жас ғалымдар мектебінің» жетекшісі ретінде кафедраның әдістемелік жұмыстары мен ғылыми жұмыстарының және Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына салмақты үлес қосты. Оның ғылыми қызметі республикадағы білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге бағытталады.

Жамал Рахимовнаны оның білімі мен қатар жеке қасиеттері ерекше-лейді, ол мәдениетті, еңбекқор, адамгершілікті, кішіпейіл қасындағыларға үнемі көмек қолын созады, тұлғалық бейнесі шебер оқытушы бейнесінің үлгісі бола алады.

Халыққа білім беру саласындағы жетістіктері үшін «ҚазССР халықтық білім беру, ағарту ісінің үздігі» белгісімен және ғылыми-педагогикалық, қоғамдық қызметіндегі жетістіктері үшін бірнеше рет мақтау қағаздарымен марапатталып және де университет атынан алғыстар жарияланды. Жамал Рахимовна жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейімен ерекшеленіп, шебер оқытушы ретінде 2009 жылы ҚР БЖҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық грант иегері болды.

**Нурсулу Сейткеримовна
ӘЛҚОЖАЕВА**



Өнегелі ұстаздың гибраты

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби адамға алдымен тәрбие керек, тәрбиесіз білім адамзатқа қастандық әкеледі дегеніндей Жамал Рахимовна өзінің зерттеулерін тәрбиеден, анығырақ айтқанда еңбек тәрбиесінен бастады. Адамды адам еткен еңбек деген К. Маркстің сөзі де ойға оралады, адам тек еңбегі арқылы жетістікке қол жеткізеді. Жамал Рахимовна ғұламалардың, классиктердің еңбектерін көп оқиды. Біраз жинаған мұндай байлықтары шәкірті маған да тиді. Сол кітаптарды оқып отырып, қарындашпен сызылған жерлерін де байқадым, ерекше мән беруге тырыстым. Даналық адамның білгені, оқығаны, тәжірибесінен көрінетін қасиет. Дана, ғұламаларды оқып, өзіндік ой түйген Жамал Рахимовнаның шәкірттеріне берері көп болды. Оның айтқан бір сөздері өмірге азық, тәжірибеде көмек болып келеді. Әдеби кітаптармен қатар, ғылыми еңбектерді көп оқындар, ғұламалар ортасында көп тыңдандар, сөйлеуге асықпандар деп айтатын. Тарих факультетін бітірген соң, педагогикаға аспирантураға түстім, маған И.П. Подласыйдың педагогикасын қолыма ұстатып, бітірген соң кел маған деді, кітапты аяқтап бардым біраз сұрақ қойып, түсінбеген жерлерімді бірге талдап, енді диссертация жазуға көшеміз, аспирантура ол да жұмыс 9.00 Пушкин (қазіргі Ұлттық) кітапханаға барып 18.00 дейін жұмыс жасау керек деген талап қойды. Тақырып таңдау қиынға соқты, бізбен бірге

тақырып талдауға әкем қосылды, сол кісінің бағытымен имандылық тақырыбын алдық. Бұл тақырып күрделі әрі жауапкершілікті жазбас бұрын бұл қасиеттің өзіміздің бойымызда болуы қажет екені де қозғап өтті. Адамгершілік, шыншылдық, ізгілік, қарапайымдылық, кішіпейілділік мұның бәрі имандылықтың ауқымына енеді, сол қасиеттерді жоғалтып алмау керек екенін мықтап түсіндім. Жамал Рахимовнаның бойындағы мәдениеттілік, сыпайылық, жауапкершіліктілік, интеллектуалдық, қайырымдылық қасиеттерге қарап үлгі тұттық.

«Жанында жүр жақсы адам» демекші, көпшілік жағдайда адамды бағалай бермейді екенбіз, сол менің жанымдағы жақсы адамның бірі — ұстазым, ғылымдағы анам — **Жамал Рахимовна Баширова**.

Жамал Рахимовна білім саласына өлшеусіз қызмет етті, 1984 жылы ол «Преемственность между школой и ПТУ в воспитании у учащихся коммунистического отношения к труду» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, ҚазССР білім беру Министрлігінде қызмет атқарды. 1987-1991 жылдары Республикалық педагогикалық оқулар секциялар жұмысын басқарса, 1989-2004 жылдары жалпы және этникалық педагогика кафедрасының әдістемелік бюроның төрайымы болды. 2004 жылы «Теоретические основы университетского образования в аспекте направленности на подготовку пре-



подавателя высшей школы» тақырыбында докторлық диссертация қорғап, кадр даярлауда қомақты үлес қосты. Ол 2006-2009 жылдары осы кафедраның «Жас ғалымдар мектебінің» жетекшісі болды, осы кезеңде кафедраның магистрант, аспирант, докторанттарына келелі кеңестер берілді. Бұл мектептің атқарған рөлі туралы кешегі шәкірттер күні бүгінге дейін естерінен шығармаған.

Жамал Рахимовнаның ғылыми жетекшілігімен бес кандидаттық диссертация және 40-қа жуық магистрлік диссертация қорғалды. Ол университеттік білім беруді реформалауға байланысты стратегиялық маңызды құжаттарды жасауға атсалысты. Мысалы, педагогика мамандығы бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарын, типтік бағдарламаларын, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тәрбие тұжырымдамасын және «Педагогика», «Педагогиканы оқыту әдістемесі», «ЖОО педагогикалық пәндерді оқыту әдістемесі», «Тұлғааралық коммуникация теориясы», шеберлік», «Педагогтың коммуникациялық мәдениеті», «Педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негіздері» және т.б. курстарды оқып, оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерін құрастырды.

Байқағанымыздай өмір жолын қарапайым мектептен бастап, министрлік, зерттеу институты, жоғары мектепте жалғастырды, мұның өзінде бір сабақтастық байқалады.

Жамал Рахимовнаның ғылыми қызметі мен еңбектері республикадағы білім беру жүйесінің алдында тұрған

өзекті мәселелерді шешуге бағытталады.

Бүгінгі күні өзектелініп отырған белсенді оқыту әдістері туралы 90-жылдары арнайы мақала жазып, қажеттілігін көрсеткен.

Жамал Рахимовна кәсіби құзыреттілігі толық қалыптасқын беделді ұстаз. Өзінің зерттеулерінде кәсіби құзыреттілікке аса мән беріп, зерттеу көзіне айналдырды. Оның **«Кәсіби құзыреттілік — педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жеткілікті білімдер, іскерліктер, тәжірибе мен өнегелік ұстанымдарды бейнелейтін жоғары мектеп оқытушысының іскерлік және тұлғалық сапаларының интегралды сипаттамасы»** [1], деген өзіндік анықтамасы қазіргі таңда сілтемеленуде.

Жоғары оқу орнының оқытушысының кәсіби құзыреттілігін құраушы факторлардың бірі оның педагогикалық шеберлігі болып табылады. Оның құрамына кәсіби ойлау, кәсіби-педагогикалық іскерліктер, педагогикалық техника, кәсіби импровизация, өзіндік реттелу және басқа да компоненттер кіреді. Мұндай шеберліктің іргетасы кәсіби-педагогикалық білімдер болып табылады.

Кәсіби құзыреттілік функционалды сауаттылық деп аталатын басқа педагогикалық сипаттама үшін негіз болып табылады. Ғалым-педагог «білім беру жүйесінің алдына аса өткір дилемма шықты — тар мамандану немесе кең білімдарлық, құзыреттілік немесе жан-жақтылық», деген пікірін білдірген [1]. Осыған байланысты үздіксіз білім беру контекстінде сан алуан түрлер мен дең-



гейлердің функционалды сауаттылығын диагностикалаудың және өлшеудің ғылыми негізделген әдістемелерін жасау үлкен маңызға ие болады, деген пайым да бүгінгі күні өзектелініп отыр. «Функционалды сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-ның соңында ЮНЕСКО-ның құжаттарында пайда болып, кейінірек зерттеушілердің қолданысына енді. Бұл ұғымның құрамына функционалды-өндірістік, функционалды-қоғамдық, функционалды-мәдени, функционалды-тұрмыстық, экологиялық және басқа да бағыттары мен олардың өзара әрекеттестігі енеді. Қазіргі таңда кең көлемді практикалық қолданыстағы ақпараттық-лингвистикалық сауаттылық жетекші орынға ие болды. Міне, өзіміз көріп отырғандай Жамал Рахимовнаның көтерген мәселелері, тағлымдық мұра ретінде бүгін-

гі күнмен сабақтасып, қолданысқа ие болуда. Өзінің зерттеген еңбек, құзыреттілік, шеберлік мәселелері Жамал Рахимовнаның өз бойынан көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баширова Ж.Р. Жоғарғы оқу орындарында жоғары мектеп оқытушысын даярлау мәселесі. Монография. — Алматы, 2010. - 113 бет.

Н.С. ӘЛҚОЖАЕВА,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
университетінің философия және
саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру
менеджменті
кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.,
доцент.
Алматы қаласы.

Еңбегі үлгі, өмірі өнегелі ұстаз

Ұстаз — өмірдің бағдаршамы. Олай болса, бүгінде университет аудиториясында отырған студент, ертеңгі бала тәрбиесімен айналысатын, бала жүрегінен орын алатын тәрбиеші, мұғалім, кәсіп иесі. Мұғалім сабағы — болашаққа беттейтін баспалдақ. Сондықтан, мұғалім мейірімінің қадір-қасиеті қашан да қажымайды. «Мұғалім болу да — өнер» бойында дария білім, сарқылмайтын сезім, мол мейірімнен тұру қажет деп ақыл-кеңес айтатын ұстазымыз, педагог, ғалым Жамал Рахимовна Баширо-

ва бүгінде 80 жасқа толып отыр. Қазақстанда педагогика ғылымының дамуына өзіндік үлес қосып, ғылым кандидаттары мен магистрлерін дайындап жүрген ғалымдардың бірі мен бірегейі педагогика ғылымдарының докторы, профессор ең бастысы білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында жүріп, сансыз шәкірттерге дәріс оқыған ұлы ұстаз.

Жамал Рахимовна: «Педагогикалық білімгерлік — педагогикалық қызметті жақсы орындауға және тиімді нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның



жеке басының ерекшеліктеріне сүйене отырып дамитын оқытушының жалпы және кәсіби мәдениетін, кәсіби маңызы бар жеке-дара қасиеттерінің жиынтығы», - дейді.

А. Сухомлинский «*Сабақ — оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы*», - деген. Жамал Рахимовнаның да әрбір сөзі ісімен үйлесіп жатқан тұлға. Әрбір студент оның жанынан шықпай әрбір сөзін мұқият тыңдап, жадымызға түйіп отырамыз. Оның бірі біз. Аудиторияда асыға күтіп отырамыз. Жаны мен тәні үйлесімді ұстаздың әрбір сөзі тәрбиенің негізі іспеттес.

Алғаш университетте оқытушы қызметін атқарып жүрген кезімізде студенттердің әрбір сөзін, істері мен әрекеттерін Жамал Рахимовнаға келіп айтып ақыл-кеңес сұрайтынбыз. Ол кісі студенттер оқытушыны үлгі тұту керек деп оқытушыға қойылатын бірнеше талаптарға тоқталған болатын:

Ең *бірінші*, оқытушы өзінің пәнін бүге-шігесіне дейін жақсы білу керек, кез-келген студенттің қойған сауалына жауап бере білу керек;

Екіншіден, оқытушы өте мәдениетті болуы тиіс, өйткені ол студенттерге үлгі болу керек;

Үшіншіден, меніңше оқытушы психолог, студенттің жан-дүниесін түсінуі тиіс. «Студентпен сырлас дос та болу білу керек» дегені есімде. Шынымен де ЖОО оқытушы қызметінің бірі кураторлық-эдвайзерлік жұмыс. Әрбір студенттің жағдайы туралы толыққанды ақпарат алу үшін сырлас дос болу қажет. Студенттің сеніміне кіру, оған психологиялық қолдау көрсету, кеңес

беру, сүйемелдеу, бағыт-бағдар беру қазіргі таңда аса маңызды іс-әрекеттердің бірі.

Ж.Р. Баширова аспиранттары мен магистрлеріне «Ғылым-теориялық білімді іс жүзінде қолданып, одан жаңалық жасауды көздейді. Ал осы жаңалық міндетті түрде адамдардың пайдасына жарап, қызмет етуі тиіс» дейді.

Жамал Рахимовна таразы басын тең ұстаған, ұстамдылық ұлағаты, адамгершілік қасиеттері жоғары ғалым. Ол кісінің ең үлкен ерекшелігі қарапайымдылығы. Білім қуған әрбір жасқа кез келген уақытта кеңесін айтып, бағыт-бағдар беріп, ғылыми жұмысың туралы жаңашыл идеялар ұсынып отыратын нағыз ғалым. Осы сәтті пайдалана отырып ұстазымыз Баширова Жамал Рахимовнаны 80 жасқа толуымен құттықтаймыз! Алла ғұмыр беруін, денінің саулығын, бауырының бүтін, басының аман болуын, жанның есендігін тілейміз.

Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Педагогика және психология институты, мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламаларының аға оқытушысы педагогика ғылымдарының кандидаты.

Алматы қаласы.
А.Т. УТЕБАЕВА,
Шымкент университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты.
Шымкент қаласы.



Мамал Рахымқозақ!

Қорқам сенің мұңың!

Қозің тартар кісіңің

Қыздарың көре бер

Төбеліңің ісіңің!

Мамал Рахымқозақ.

Рахым қыз Мамалың,

Рахымда мамалың:

Көзге де еңіңіз,

Құтта болсаң қадымыз!

Ж.Ж.Ж.

Мамал Рахымқозақ!

Қатарың төбелің

Те - саян қолыңда

Кемелді бола бер

Келтіріп оңтөме

8.03.2009

Жамал Рахым Қызона

Брте көктем, Ғылымның шашың жайып,

Билеміңмен еңбектен жамал алып,

Істің саян жастарға түсіндіріп,

Қоса - жазы мынадаң жамалдан.

Әр түсінің еңбекте тірегісің,

Тәжіриңің, тәлімнің нұсқауың,

Мамал баққа сән берген бағбанды-ақ

Мас ұрпаққа үйідеп нұсқауың.

Мәжірттерге үйіретің сана-білім,

Артыңарың адалдық даямдығың.

Бәрімен де доссың сен адалдардың,

Бәрімен де биік тұр аманғайың!

У, Жамал! Бүбейің "сүйікті" балың:

Ұлағаттың Ұстаздық мұқиятың!

Дос пендең Кеш - Қуаныш Бәріңге,

Қос нұсқауың бес жамалың Құттықтайсың.

Жаз МҮ Қарағандының Қаржыгерлері.

8.05.1992ж.



Колледж студенттеріне экологиялық білім мен тәрбие беру

Аннотация

В статье рассмотрены формирование экологических знаний и воспитание у студентов колледжа. Совершенно очевидно, что экологические проблемы современности возникли в результате активности и опрометчивого вмешательства человека в систему абиотических и биотических процессов.

При освоении каждого предмета или специальности, студенты должны получать возможности полного представления о той роли, какую предмет или специальность играют в решении конкретных проблем окружающей среды. Такого рода знания являются основой для воспитания активного, сознательного отношения к проблемам экологии.

Resume

The article discusses the formation of environmental knowledge and education among college students. It is quite obvious that the environmental problems of our time have arisen as a result of human activity and reckless interference in the system of abiotic and biotic processes.

When mastering each subject or specialty, students should be able to fully understand the role that the subject or specialty plays in solving specific environmental problems. This kind of knowledge is the basis for the education of an active, conscious attitude to environmental problems.

Қазіргі таңда экологиялық мәселе аймақтық немесе республикалық ғана

емес, дүниежүзілік сипат алып, адамзат тағдырымен байланыста қаралатын дәрежеге жетті. Қара және түсті металдардың, тыңайтқыштардың өндірісі, пайдалы қазбаларды алу үшін ірі-ірі аймақтық өндіріс кешендерінің пайда болуы, табиғат ресурстарын өндіру және оларды шаруашылықта пайдалану және т.б. қоршаған ортаның ластануына әкелді.

Қазақстан-2050 Жолдауында «Жа-сыл» экономика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат су мен жер ресурстарының сапасын, ауа сапасын жақсартуға, баламалы энергия көздерін дамытуға, климаттың өзгеруіне бейімделуге, сондай-ақ экономика-ның декарбонизациясы және энергия тиімділігін арттыруға бағдарланған. Негізгі нәтиже халықтың өмір сүру сапасының, экологиялық қауіпсіздіктің өсуі, экологиялық тәуекелдер мен экологиялық тапшылықты төмендету, орнықты даму мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру көрсетілген. [1].

Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңында «Білім берудің ғылыми сипаты, құқықтық, экологиялық бағыты» туралы 3-бабы қазіргі заман талабына сай экологиялық білімнің қоғам өміріндегі маңызы мен рөлінің артып отырғанын дәлелдейді [2].

Экологиялық білім, тәрбие — жаңа адамгершілік қасиеттердің қалыпта-суын талап етеді. Мұндай түбегейлі өзгерістер нәтижесінде қоғам — табиғат



жүйесін және оған деген саналы қатынасты айқындайтын көзқарастардың біртұтастығы ретінде экологиялық сана қалыптаспақ. Жан-жақты мәдениетті тұлғаның бойынан қоршаған ортаға деген жанағылық көзқарас, оны аялай білуге құштарлық табылуы тиіс қасиет. Экологиялық тәрбие — «табиғат-адам-қоғам» жүйесіндегі қарым-қатынасты студенттердің ғылыми негізде игеруі нәтижесінде қалыптасатын жалпы білімнің бөлшегі.

Бүгінгі таңда адам-табиғат қатынасы қазіргі қоғамның аса өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қазақстандағы экологиялық жағдайлардың ушығуы тұрғындардың экологиялық сауаттылығы мен ақпараттануының аздығынан болып отыр. Табиғат — қоғам дамуының алғы шарты. Қоғам — табиғаттың ерекшеленген бөлігі, ал адам — эволюциялық дамудың шыңы [3].

Экология — 200 жылдық тарихы бар жас ғылым. Экология терминін неміс биологы Эрнест Геккель (1968). «Естественная история происхождения» атты кітабында алғаш рет қолданған. Э. Геккельдің айтуы бойынша «Экология деп, біз табиғат экономикасына қатысты барлық білімдерді — жануарлардың оны қоршаған органикалық және бейорганикалық ортамен, әсіресе оның өзімен тікелей немесе жанама қарым — қатынаста болатын жануарлармен және өсімдіктермен өзара ынтымақтастық немесе қатынастық әрекеттерінің бар жиынтығын зерттеу деп түсінеміз» [4].

Студенттерге экологиялық білім мен тәрбие беру — ең күрделі педагогика-

лық үрдіс. Бұл оқу үрдісінде белгілі бір пәннің бағдарламалық талаптарын жан-жақты қарастыру арқылы жүзеге асырылады. Басты мәселе студенттердің табиғатты ұлттық қоғамдық жетістік деп сезінуі, оны көбейту, сақтау — еліміздің әр азаматының ісі деп бағалау дәрежесіне көтерілуі. Өйткені экологиялық білім адамның табиғаттағы тиімді, ептілік мінез-құлқының (соның ішінде қоғамның да) және әлемнің ғылыми бейнесі аспектісінің маңызды теориялық негізі болып есептеледі. Экологиялық білім студенттерде табиғатты игерудің ғылыми негіздерін олармен сәйкестік әрекет жасау қажеттігін, өзіне деген сенімін, табиғатты қорғауда белсенділік өмір ұстанымын, практикалық дағдысын, табиғи қорларды қалпына келтіру және тиімді қолдану тәсілдерін игеруге бағытталған үрдіс.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 183-бабында «Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру мамандандырылған және пәнаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ экологиялық аспектілерді қазіргі оқу пәндеріне кіріктіру арқылы жүзеге асырылады», - деп көрсетуі [5], қазіргі заман талабына сәйкес экологиялық білімнің қоғам өміріндегі маңызы мен рөлінің артып отырғанын дәлелдейді. Жалпы және арнайы пәндерінің оқу бағдарламаларына экология және қоршаған ортаның тұрақты даму мәселелерін енгізу арқылы үздіксіз экологиялық білім берудің жүйесін қалыптастыру жүктеліп отыр.

Қазақстан Республикасы білім беру



жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасында «пәндерді экологияландыру дегеніміз — дәстүрлі пәндерді оқыту барысында тақырыптардың мазмұнын қосымша жаңа экологиялық мәліметтермен байыту» - [5] деп көрсетеді.

Қазіргі кезде қоршаған ортаға антропогендік фактордың әсері жаратылыстану, қоғамдық — гуманитарлық және техникалық ғылымдар тұрғысынан қарастырылады, солардың әрқайсында ғылыми ұғымдар жүйесі қалыптасқан [6].

Жалпы және арнайы білім беретін оқу орындарында студенттерге экологиялық білім беру бірнеше арнайы талаптарды қажет етеді. Олар:

1. Оқу жоспарларын, оларға сәйкес оқулықтар және оқу әдістемелік құралын жасау, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру (табиғат мұражайлары, экскурсия, экологиялық сұхбат, экологиялық конференциялар, т.б.);

2. Оқытушының экологиялық білімінің дайындық деңгейі;

3. Факультативтік сабақтар арқылы экологиялық білім беру;

4. Қазіргі техникалық құралдарды, оқытуды компьютерлендіруді және оқытудың жанартылған әдістерін кең түрде қолдану;

5. Ақпарат жинақтау орталығын құру керек;

6. Барлық пән оқытушылары қоршаған орта туралы деректер мен заңдар, оның мәселелері мен мүмкіндіктері туралы хабардар болу тиіс.

Экологиялық білім берудің міндеттері:

1. Студент бойында экологиялық білім жүйесін қалыптастыру;

2. Студенттің қоршаған ортаны қорғауға деген жоғары адамгершілік сезімі мен жауапкершілігін тәрбиелеу;

3. Экология саласындағы ғылым жетістіктерінен хабардар болу;

4. Нормативті құқықтық құжаттарды білу.

Жоғарыдағы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін, формаларын қолдана білу керек. Олар:

1. Семинар, конференция сабақтар, компьютерлік ойындар, әңгімелесу, пікір-сайыс, викторина, т.б. оқыту түрлері.

2. Адам іс-әрекетінің табиғатқа әсерін, оның болашақтағы зардаптары туралы алдын-ала білуге және оны болжауға тәрбиелеуде табиғаттағы өзгерістерге талдау жасау, салыстыру, себеп-салдарын анықтау, бағалау және болжау сияқты шығармашылық іздену мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының элементтерін қолдану.

3. Экологиялық мәселелерді шешуде батыл әрі дұрыс шешім қабылдау әрекеттерін үйрету.

4. Жергілікті экологиялық проблемаларды шешуде студенттердің практикалық іс-әрекет дағдыларын дамыту, туған өлкесінің «Қызыл Кітабын» ұйымдастыру, жергілікті аймақтың экологиялық туризм маршрутын құру, экологиялық ұйым мен үйірмелер құру, экологиялық сұхбат ұйымдастыру, табиғат ресурстарын жауапсыз пайдалануға жол бермеу, т.б.

5. Лекция, теледидар, радио, га-



зет-журнал арқылы экологиялық насихат жүргізу [7-8].

Қорыта келгенде, өскелең жастарға экологиялық білім беру, олардың табиғат пен адам өмірінің бірлігін терең сезінетін, табиғатты аялап, оны қорғай алатын ұрпақ тәрбиелеу басты мақсатымыз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы. Заңдар №597 Қазақстан Республикасының білім туралы заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу. — Астана, Ақорда. 2004. — 9 шілде. №318;
2. Оспанова Г.С., Бозшатаева Г.Т. Экология. — Алматы: Экономика, 2002 — 404 б.;
3. Одум Ю. Экология: в 2т./пер.с англ. — М.: Мир, 1986. — Т. 1. — 316 с.;
4. Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. Экология. — Алматы: Экономика, 2002. — 404 б.;

5. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. — Алматы: ЮРИСТ, 2007. — 85 б.;

6. Қуатбаев А.Т. Жалпы экология. — Алматы, 2008. — 220 б.;

7. Бейсенова Ә., Әбілқасымова А., Іргебаева Н., Шілдебаев Ж. Білім жүйесінде экологиялық білім мен тәрбие беру тұжырымдамасы // Биология, география және химия. - 2014. №2. - 12-22 б.б.;

8. Даутова З.С. Экологиялық білім берудің мәні мен сипаты // Ұлт тағылымы «Ғылыми-педагогикалық басылм». — 2011. №1. 10-13 б.б.

**Жарқынай Сарсенбековна
ШУЛГУБАЕВА,**

**Эльмира Жолдыбековна ТАУБАЕВА,
Үшқоңыр су шаруашылығы колледжінің
арнайы пәндер оқытушылары.
Шамалған ауылы,
Қарасай ауданы,
Алматы облысы.**



Оқушылар дебат қозғалысын жандандыру - Қазақ елінің болашақ элитасын қалыптастыру

Пікірсайыс — білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы технология. Оқушылар мен ұстаздарды да пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікірсайыстарға дайындық барысында

оқушылар белгілі бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама-қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Пікірсайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін



анықтауға тигізер септігі бар. Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршендігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады.

Пікірсайыс та әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікірсайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады. Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір сайыстарда олар жан-жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікірсайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында.

Пікірсайыс үйірмесін болмаса арнайы клубтарды білім беру мекемелерінде жүргізу оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікірсайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің а.ж. 30 сәуіріндегі №18-18-4/1650-И хаты негізінде республикамыздың барлық білім беру мекемелерінде «Оқушылар дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру тапсырылып, Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы бойынша келесі жұмыстар жүзеге асырылуда.

Білім беру мекемелерінде дебаттық

клубтардың жұмысын жетілдіру бойынша төмендегідей жұмыстарды жүргізу ұсынылған болатын:

- «Оқушылар дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени білім беру жобасын дамыту бойынша тұжырымдамасын әлеуметтік желілерге жариялау; Аталған тұжырымдама 2020 жылдың мамыр айында Сырым ауданының білім беру бөлімінің Фейсбук парақшасына жарияланып, оқырман назарына берілді.

- білім беру мекемелерінде оқушыларды дебаттық клубтарға тарту мақсатында ақпараттық түсінік жұмыстарын күшейту; Ауданымызда 2020-2021 оқу жылының қыркүйек айынан бастап 12 мектепте, 2021 жылдың қаңтар айынан бастап 17 мектепте қоғамдық негіздегі дебат үйірмелері мен «Балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» МКҚК-да «Ойұшқыр» ақылы дебат үйірмесін әр түрлі пән (тіл мамандары, физика, биология, тарих пәндері мұғалімдері, кураторлар) мұғалімдері жүргізеді. Үйірмедегі оқушылар жас мөлшері: 6-10 сыныптар.

2021 жылдың көктем айында Ж. Досмұхамедов атындағы МББК кураторы Н. Мустафиеваның «Пікірсайыс – сөз досы» авторлық бағдарламасы («Сырым аудандық білім беру бөлімінің сараптамалық кеңесі, 23.04.2021 ж. №2 Хаттама) аудан көлемінде таратылып, үйірме жетекшілеріне берілді.

Жалпы аудандық, ауылдық жерде дебат үйірмесін жандандыру жұмысы бойынша Сырым аудандық білім беру бөлімінің бастамасымен 2017 жылы Бұлан МББК оқушыларына және 2018 жылы Ж. Досмұхамедов атындағы МББК оқушыларына шығармашылық орталық жанынан дебат үйірмесі ашылып, жас маман Л. Максотова жүргізген болатын.



Сол жылы БҚО, Ақжайық ауданында өткен алғашқы облыстық турнирде Бұлан МББК-нің «Элита» фракциясы 1-орын иеленді.

2018 жылы алғашқы рет оқушылар үшін Сырым ауданында аудандық білім беру бөлімі бастамасымен Орал қаласы, «БҚМУ «Ақиқат» пікір-талас орталығы» директоры Мерген Қуанышұлы бастаған дебатшы мамандар төрешілік етуімен облыстық турнир оздырылды. 2019 жылдан бері ауданымызда арнайы маман болмауына байланысты бұл жұмыс тоқтап тұрды.

Қазіргі уақытта ауданымыздың 17 дебат үйірмесінің жетекшілері дебат қозғалысына арналған облыстық, аудандық әлеуметтік желі топтарына қосылған. Онда дебат туралы жан-жақты түсінік жұмыстары, мәліметтер қолжетімді түрде жарияланып отыр. 2021 жылдың 6 қазан күні Сырым ауданы Жымпиты ауылында шығармашылық орталығы ғимаратында аудандық білім беру бөлімінің ұйымдастыруымен дебат үйірмесі жетекшілеріне «Дарын» қосымша білім орталығының дебат қозғалысы бойынша маманы Шайқы Акерке Әміржанқызы оқыту семинарын жүргізіп, пікір алмасты.

13 қазан күні Жымпиты ауылы балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы ғимаратында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне арналған «Тәуелсіз елдің ұрпағымын» тақырыбында 9-10 сынып оқушылары арасында республикалық пікірсайыс турнирінің аудандық кезеңі өткізіліп, турнирге Қ. Мырзалиев атындағы ОМ-тен 1, Сырым мектеп-лицейінен 2, Ж. Досмұхамедов

атындағы ОМБК-нен 2, Абай ОМБК-нен 3, Бұлан ОМБК-нен 1, М. Канадиев атындағы ОМБК-нен 2 фракция, барлығы 9 фракция қатысты. Өзге дебат үйірмесі жүргізілетін 8 мектептің оқушылары жас мөлшері сәйкес келмеген себепті қатыспады. Қарар тақырыптары алдын ала ережеге сәйкес берілді.

Алғаш рет ұйымдастырылған аудандық турнир ойынының алғашқы ойындары бәсең болғанымен, ойын ортасы бәсекелестікке ұласты. Төрешілер пікірі бойынша жалпы ойын барысы жақсы деген бағаға лайықты оздырылды. Бұл алғашқы турнир қатысушылары үшін жоғары баға. Себебі бұл турнирде командалардың бірінші кездесуі болды.

Ойын қорытындысы бойынша жүлдегерлер мен үздік спикер, үздік төреші анықталып, арнайы диплом, кубок және сыйлықтармен марапатталды.

13 қараша күні ауданымызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекелеріне орай облыс және Сырым ауданы көлеміндегі білім беру мекемелері мұғалімдері арасында алғаш рет аудандық пікірсайыс турнирі оздырылды.

Турнир мақсаты білім беру мекемелері педагогтерінің жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру; педагог мамандар арасында интеллектуалды жарыстар мен конструктивті пікірталастарды насихаттау, дебаттық клубтар мен педагогтер арасында тәжірибе алмасуға ықпал ету және педагогтерді дебатқа тарту арқылы оқушылар дебат қозғалысын дамыту.

Турнирді «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым



ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі өткізді. Турнирге аудан мектептерінен 15 команда қатысты, турнирдің барлық кезеңдері Америкалық парламенттік формат (АПФ) бойынша өткізілді. Бас төреші қызметін арнайы шақыртумен Атырау облысы Ф. Оңарсынова атындағы ОМ-тің мұғалімі Мақсотова Ләйлі Науайқызы жүргізді.

Турнир қарарлары:

БП: Мұғалім мәртебесін көтеру үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда деп есептейді.

БП: PIZA бағдарламасы қазіргі әлемде оқушылар қабілетін тексеру мен бағалаудың ең ықпалды жобасы болады деп есептейді.

БП: Мұғалім жалақысының көтерілуі жұмыс сапасына тікелей әсері бар деп есептейді.

БП: Отбасы тәрбиесінің мектеп тәрбиесіне қарағанда жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы мол деп есептейді.

Турнир қорытындысы бойынша қолдаушы Сырым аудандық білім беру қызметкерлері кәсіподақ ұйымы мен білім беру бөлімінің дипломдары, сыйлықтары берілді.

Турнирге қатысушы команда мүшелері мен төрешілер құрамасы тек жастар ғана емес орта буын ұстаздары, мектеп басшысы қатарынан да болғаны қуантады. Көктемгі демалыста турнирдің екінші бөлімі ұйымдастырылады.

20 қаңтар күні Сырым ауданының білім беру бөлімінің актзалында «Ұшқыр ой алаңы» атты 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілетін республикалық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне іріктеу аудан мектептері ішіндегі мықты екі командасы Жаһанша мектебі мен Сырым лицейі фракциялары арасында

өткізіліп, турнирдің қорытындысымен қазақ лигасы бойынша күз айында облыстық турнирге аудан атынан қатысып ширек финалға жеткен Жаһанша фракциясы облыстық кезеңге жіберілетін болды.

Білім беру мекемелерінде оздырылып жатырған шаралар жергілікті әлеуметтік желілерге тиісті хэштегтермен #бқодебат, #бқоұшқырой, #зкодебат және #Сырымдебат хэштегтерімен жариялануда.

Сырым ауданының білім беру бөлімінің аудандық әдістемелік кабинеті тарапынан мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысын жандандыру бағытында аудандағы жас мамандар арасынан төрешілер алқасы құрылды, дебаттық қозғалысын дамытуда үздік дебатерлер мен жетекшілерді ынталандыру мақсатында үздіктерді БАҚ-ы арқылы насихаттау жұмыстары жүргізіліп, жыл соңында «Үздіктер» шарасында марапатқа ұсынып, арнайы лагерьлер ұйымдастыру жоспарланды.

Жалпы орта білім беретін мектептердің, арнайы оқу орындарының гуманитарлық бағыттардағы үйірмелерге пайдалануға бағытталған, пікірсайыстың шығу тарихы, пікірсайысқа қажетті қасиеттер, пікірсайыстың негізгі форматтары мен үйірме жоспары ұсынылған әдістемелік құрал дайындалуда.

Г. ШАЙХИЕВА,
Сырым ауданының білім беру бөлімінің
қосымша білім беру және дарынды оқу-
шылармен жұмыс
жөніндегі әдіскері.

Сырым ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.



Оқушыларды әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің тазалығына баулу

Қазіргі таңда ғаламтор қолданушылары, әсіресе мектеп оқушыларының өз «қазақ тілі» бар. Қазақ тілінің қ, ғ, н, ә, і, ү, ұ тәрізді төл графемаларының қолданылмағаны өз алдына сөздердің жазылуы күннен күнге қысқарып бара жатыр.

Оқушылардың күнделікті әлеуметтік желілердегі жазбаларына назар аударсаңыздар, әлеуметтік желілерде тілдік нормаларды қасақана бұзу үрдісі байқалады. Бұл әсіресе оқушылар көп шоғырланған «Тик Ток» және «Инстаграм» желілерінде жиі кездесетін жайт.

«Инстаграм» желісін қолданатын оқушылар арасында «не болып қалды?» деген сөйлем мейлінше қысқартылып «невоқалд» деп жазылуы мүмкін. «Не істеп жатырсың» орнына «нестеватсың» жиі қолданылады. Яғни, желідегі жастар қалай естісе, солай жазады.

Әрине қазақ тілінің осылай қолдануында ешқандай қатер жоқ деп ойлау дұрыс емес түсінік, себебі уақытының басым бөлігін өткізетін ортада оқушылар оны басқа ортада қолдануға бейім болады. Сондықтан ұстаздар қауымы тәрбие сағаттары немесе ашық сабақтарда ойын арқылы оқушыларға виртуалды әлемдегі тіл қатынасының оффлайн ортадағы тіл қатынасына түбегейлі еніп кетпеуіне мән бергені жөн деп есептеймін.

Мысалы, қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері он минуттық қы-

зықты әлеуметтік желідегі қазақ тілінің қолданысына арналған ойындар ұйымдастырып тұруына болады. Оқушылар ішінен 5 адамды тандап, оларға соңғы жазған Whatsapp желісіндегі бір жазбасын тақтаға жазуды сұралады. Жазылған жазбадағы қателерді тауып, дұрыс нұсқасын сыныппен бірге талқылайды. Адамдардың әлеуметтік желілердегі қысқа әрі қателермен жазу себебін талқылау арқылы тілді толық әрі сауатты пайдалануға шақырады. Мысалы: «Сәлем!» сөзін «Слм», «Қалайсың?» сөзін «Каксың?» сияқты жазбалардың психологиясын цифрлы дәуірдің ерекшеліктері ретінде түсіндіре отырып, сыныппен бірге сараптама жасаған өте тиімді әдіс болып саналады.

Түрлі гаджеттерден, планшеттер мен смартфондардан әріптерді теріп отыруды қиынсынатын жастар синтаксистік қателерді көп жібереді. Мысалы, «мен шығып барамын» деудің орнына «шығып барам» деп жатады. «Мен таксимен барамын» деудің орнына «таксимен барам» деуі мүмкін. Жаңа буын оқушылар үшін қазақ алфавитіндегі қ, ғ, н, ә, і, ү, ұ әріптері мүлде қолданылмайды десе де болады. Қолданып жазатындар қатары бірең-сараң. Оны оқушылардың өздері де мойындайды.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сәбира Сағымбекқызының айтуынша, чаттағы орфографиялық және пунктуациялық қателер,



ауызекі тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуының барлығы интернет коммуникацияға тән сипат. Бұл интернет қолданушылар, әсіресе оқушылар мен студенттер арасында бұрыннан бар жағдай.

«Интернет тілінің өзіндік ерекшелігі бар. Ол тез әрі жылдам қарым-қатынасқа қолайлы тіл. Оның ерекшелігі де осында. Сондықтан, интернетте әдеби тілдің нормаларын сақтап отырып сөйлесу мүмкін емес. Мысалы, «сәлем» деудің орнына жастар «см» дей салуы мүмкін. Бұдан ешқандай түсінбеушілік туындамайды. Барлығы түсінікті. Бұл да қарым-қатынастың бір түрі. Әрине, қазақ әріптерін пайдалану керек. Әдеби тіл нормаларын сақтап, қолданыста дамытуға тиіспіз. Ал оны интернетте сақтау міндетті деген меніңше дұрыс емес. Жалпы кез келген нәрсе әр адамның санасына байланысты, - дейді профессор Сәбира Исақова.

Алайда, оқушылар коммуникацияның бір түрі оның басқа түрлеріне зияны тимеуін, тіл тазалығы сауатты адамның белгісі екендігін ұғынуы керек. Осы орайда ұстаздар қауымы арнайы сабақтар өткізбесе де, ғаламтор коммуникациясының тәртіптерін түсіндіріп ғана қоймай, жалпы сауатты жазуды сәнге айналдыруға болатындығын оқушылар санасына сіңіруі қажет.

Бүгінгі күні қазақтілді сайттардың саны артты. Бірақ бұл интернет қолданушы жастарды, соның ішінде оқушылардың сауаттылық деңгейін көтеруге толыққанды көмектесе алған жоқ. Жалпы, ғаламтордағы сауаттылық мәселелеріне бейжай қарау қазақ тілінің

болашағына орасан зор қауіп төндіретіні анық. Уақыт өте келе ғаламтор арқылы өзгеріске ұшыраған тіл мәдениетінің нормалары бұзылып, жаппай сленг, жаргон, арго тәрізді дисфемизмдермен ластануы мүмкін. Ғаламторда тілдік норманы бұзып қарым-қатынас жасау тілдесушілердің тілдік санасында «бұрыс графикалық портреттің» қалыптасуына әсер етеді.

Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін ұстаздар қауымы ең алдымен:

- Тілдің қолданылуы, оның маңызы жөнінде ашық сабақтарда жиі талқылап, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген ойындар, жарыстар ұйымдастырып тұрса;
- Мектептің, сыныптың әлеуметтік желідегі аккаунттары мен чаттарында оқушыларды, сауатты жазуға талпындырса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық.

Қорыта айтқанда, жаңа заман жастарын әлеуметтік желісіз елестету қиынақ, десек те Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Тіл тазалығын сақтау — бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау — біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады». Бұл жүрегі қазақ деп соққан әрбір ұстазды толғандыруы керек деп ойлаймын.

Бір кездері Елбасы қазақстандық жастарды әлеуметтік желілерде көп отырмауға шақырған болатын. «Твиттерде» немесе басқа да әлеуметтік желілерде отырып, уақыттарыңды босқа ысырап етпеңдер. Ең дұрысы, өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрыңдар. Өйткені нағыз дос ғаламторда емес,



жанында жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып, уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы кітап оқитындарға қызмет етіп өтеді», - деген Нұрсұлтан Назарбаев. Ұстаздар да осы қағиданы естен шығармағаны дұрыс деп есептеймін. Оқушылардың бар бос уақытын әлеуметтік желіге арнап, сауаттылық деңгейін төмендеткеннен, қолына кітап ұстап, қазақ тілінің көркем сөздерін санасына сіңіргені әлдеқайда тиімді екені белгілі. Ол үшін мұғалімдер әлеуметтік желі мен жалпы ғаламтордағы қазақ тілінің жағдайы мен өзгерістерін қадағалап, оқушыларға ойын форматында тіл сауаттылығын насихаттауы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Егемен Қазақстан» 2018 ж. 26 ақпан, 8 бет. Мақала: «Тілді түлетудің тұғырнамасы», авторы: Ербол Шаяхметов;
2. [https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/dep/43713/Нұрбек Бекбау](https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/dep/43713/Нұрбек_Бекбау);
3. OQU-ZAMAN.KZ. Ұстаздар мен оқушыларға арналған қосымша сайт. 20.11.2017. Мақала тақырыбы: «Тіл мәдениеті және оның проблемасы».

Айбиби

Жангабиловна
УТЕРБАЕВА,

№9 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы.



Развитие творческих способностей учащихся начальных классов в урочной и внеурочной деятельности



Лязат
Женисовна
ЧУРЕКБАЕВА,
учитель начальных
классов КГУ
ОШ №42
Ауэзовского
района
г. Алматы.

Учителя начальных классов знают, что школьника нельзя успешно учить, если он относится к учению и знаниям

равнодушно, без интереса и, не осознавая потребности к ним. Поэтому перед школой стоит задача по формированию и развитию у ребёнка положительной мотивации к учебной деятельности с целью повышения эффективности учебного процесса.

Проблема мотивации исследуется достаточно широко. Наблюдение за работой учителей показывает, что они далеко не всегда уделяют должное внимание мотивации учащихся. Многие учителя, часто сами того не осознавая, исходят



из того, что раз ребенок пришел в школу, то он должен делать все то, что рекомендует учитель.

Школьники младшего возраста любят мечтать и играть, разгадывать загадки, раскрывать тайны. Они стремятся к приключениям. Однотипная и длительная работа быстро их утомляет. Если необходимо проделать большое количество однообразных упражнений, нужно включить их в игровую оболочку, в которой эти действия выполняются для достижения игровой цели.

Развивать у детей творческие способности — задача сложная и трудная. С чего же надо начинать? Конечно, с внимания к языку художественного произведения. Стараемся сделать так, чтоб дети учились замечать не только что, но и как изображено. У нас есть тетради, где собраны материалы по временам года. Эти тетради во многом помогают нам при подготовке уроков. Дети заводят тетради творческих работ — «словесные шкатулки». В них они записывают слова, поразившие их точностью, яркостью, описанием действия предмета. Нередко в тетради появляются целые отрывки из прочитанного произведения. Дети учатся читать с карандашом, с удовольствием несут свои «находки» в класс.

Открытия детей используем на разных уроках. В этих же тетрадях дети записывают стихи, песни, загадки, частушки, юмористические рассказы, которые сочинили самостоятельно. Таким образом, активизируется словарный запас школьника, идёт его обогащение и развитие. Этому способствуют задания:

- подобрать слова, сходные и противоположные по смыслу;

- придумать слова и словосочетания на тему;

- составить предложения с заданным словом;

- составить предложения с предложенным словосочетанием, по картинке, по схеме;

- составить рассказ по вопросам, по картинкам;

- нарисовать словесную картинку к строчкам рассказа, стихотворения;

- озаглавить части рассказа, картинки, стихотворения.

Включение в уроки подобных заданий создаёт возможность вовлечения учащихся в посильную для них творческую деятельность. Задания этого вида в наибольшей степени побуждают учащихся к самостоятельности и в постановке целей, в достижении нового результата.

Довольно большая свобода действий открывается перед учеником при выполнении заданий, требующих изменить и преобразовать рассказ, кратко передать содержание текста, изменить слова в тексте, написать изложение, изменить в изложении лицо, от которого идёт повествование.

Очень часто вместе с детьми создаём диафильмы по прочитанному произведению. Каждый рисует кадр диафильма, составляет текст. Дети с интересом рассматривают работы, активно обмениваются мнениями, сравнивают со своей работой. Без моего вмешательства становится ясно, чьи работы лучше, у кого следует поучиться.

Большую ценность представляют загадки. Они учат детей говорить ярко, образно, просто. Работа над загадками — это упражнение в самостоятельном развитии мышления, сообразительно-



сти, воображения. Загадки обогащают память детей. Уроки с использованием загадок проходят интересно и не утомляют учащихся, доставляя им полезные упражнения для ума.

Особое место в системе творческого развития занимает сочинение. Именно сочинение — высшая форма проявления творческих способностей. *«Ребёнок должен жить в мире творчества».* *«Без этого, - писал В.А. Сухомлинский, - он засушенный цветок».*

Наиболее благоприятным материалом для творческих сочинений являются наблюдения за природой и окружающей жизнью. Дети очень тонко чувствуют и понимают язык природы. Чтобы научить видеть различия, сравнивать, выделять существенные признаки, изменения в природе, замечать красоту времён года, возжу детей на одно и то же место для наблюдений. Так появляются *«Зимняя сказка»*, *«Майский лес»*, *«Красавица осень»*.

Вот сочинение второклассницы: *«Красиво в лесу весной. Природа просыпается после долгого сна. Оживает каждое дерево. Пробивается трава — мурава. На деревьях появляются клейкие листочки. Почуяв тепло, выползают жуки, букашки. Они вылезают из своих домиков и греются на солнышке, подставляя ему то спинки, то лапки».* Сочинение написано ярко, правдиво. Видно, что ребёнку это творчество доставляет радость.

Традиционными стали мини-сочинения *«Красота вокруг нас»*. Герой сочинения — любой предмет, увиденный, замеченный детьми. На уроках использую открытки с пейзажами для мини-сочинений.

Для творческого развития ценны сочинения по началу. *«Однажды две под-*

ружки отправились в лес на прогулку». А дальше фантазируй. Тут и встреча с Лесовиком, зайчиком, осенним листиком, летающей тарелкой... Интересны сочинения *«Если был бы я волшебником...»* (президентом, учителем...).

Благотворно на детей влияет музыка. Во время прослушивания музыки, они пытаются представить какие-то образы.

Новые образовательные стандарты помимо учебных занятий включают в себя и внеурочную деятельность. Внеурочная деятельность для младших школьников — это способ научиться тому, чему не может научить обычный урок, это ориентация в реальном мире, проба себя, поиск себя. Разнообразная форма организации внеурочной деятельности значительно повышает активность и работоспособность детей, способствует психологической разрядке, снятию стрессовых ситуаций, гармоничному включению в мир человеческих отношений, а значит эффективности обучения.

Внеурочная деятельность представлена кружками. На занятиях кружка ребята учатся решать конкретные информационные задачи определенного уровня сложности и применять полученные в процессе изучения общие учебные умения и навыки.

Формы организации занятий кружка разнообразны: логические игры, решение головоломок, тематические праздники, викторины, конкурсы, беседы, продуктивные (инновационные) игры, эксперименты, наблюдения, экспресс-исследования, коллективные, групповые и индивидуальные исследования, защита исследовательских работ, коллективные путешествия, посещение объектов с исследовательской целью.



Обучение младших школьников анализу и оцениванию собственной деятельности



**Ақбота
Мұхамбетжанқызы
ТУРСЫНБАЕВА,
учитель начальных
классов КГУ
ОШ №42
Ауэзовского района
г. Алматы.**

Цель обучения — развитие глубокого понимания предмета учеником, обеспечение использования и применения им знаний вне класса.

Новые идеи, с которыми мы не встречались ранее — это обучение через диалог и обучение тому, как обучаться. Работа с классом в форме диалога подразумевает конструктивный диалог учителя и учеников. В результате ученики должны научиться методам, приемам и способам получения и оценивания знаний самостоятельным путем.

Разумное обучение должно быть обучением самоорганизации, по мере овладения ею, учащиеся должны учиться сами, а учитель должен ставить перед ними общие цели обучения и оказывать помощь. Учитель по сути дела должен не учить, а помогать учиться учащимся.

В числе основных задач урока стоит формирование у учащихся способностей к осуществлению контрольной функции, умения самостоятельно оце-

нивать свою работу по эталону самопроверки и критериям оценивания.

Учеников необходимо учить приемам взаимо- и самоконтроля, взаимо- и самооценивания. В качестве обратной связи контрольно-оценочной деятельности учащихся могут служить собственные контрольно-оценочные действия учителя. Сравнение результатов своих действий и действий учителя дает возможность учащимся корректировать умения анализа и оценки.

Снятию тревожности, повышению активности детей на уроке способствуют и методы формативного оценивания, которые я использую на своих уроках. Самооценивание по критериям, взаимооценивание в парах и группах, невербальное оценивание, оценивание по ключу. Такое оценивание помогало ученикам, лучше понять уровень своего продвижения в изучении темы (смайлики, светофор, лестница достижений, листы оценивания и др.).

Результаты применения:

- снижается тревожность;
- определяется уровень знаний;
- заинтересованность учащихся в оценивании: оцени сам себя или одноклассника;
- повышается мотивация и самооценка учеников;
- обратная связь становится эффективнее;



- приобретаются навыки критериев оценивания.

В своей работе использую игровые технологии, работу в парах и группах, элементы модульного обучения (технологическая карта) и др.

Класс разбивается на малые группы. В группах распределяются роли: 2 ученика - «учителя» - излагают учебный материал, 2 ученика - «оценщики» - оценивают качество изложения, 2 ученика - «контролёры» - проверяют уровень усвоения темы путём постановки вопросов и задач для всех учащихся группы. Затем проводится коллективное обсуждение под руководством учителя результатов проработки учебной темы.

Учащиеся могут работать в парах («учитель» - «ученик»). «Ученики» тихо рассказывают «учителям» содержание темы: пересказ, стихотворение наизусть, чтение текста. «Учитель», если нужно поправляет «ученика», указывает на пробелы и в заключении выставляет отметку в рабочую тетрадь.

На уроках математики применяю технологию «Ищу ошибку». Учителем готовятся карточки с ошибками по пройденным темам на каждого ученика (таблицы «+», «х», задачи, выполнение действий). Каждый ребёнок сам находит и исправляет ошибки синей пастой (друг с другом не общаться!). После окончания проверки всеми учениками в группе проводится коллективный поиск ошибок и исправление их зелёной пастой в своей работе. Если есть расхождения во мнениях, то сверяются с эталоном, правилом, либо консультируются у учителя. Предста-

вители групп сообщают о количестве найденных ошибок, оценивают друг друга и себя.

Еще одним аспектом анализа и оценки собственной деятельности, причём психологическим, можно рассматривать внимание.

Гальперин П.Я. предположил, что внимание можно рассматривать как психологический контроль, представляющий «идеальную, сокращенную и автоматизированную форму контроля». Он сделал вывод, что вниманию можно обучать. Чтобы сформировать у ребёнка произвольное внимание, необходимо начинать не с внимания, а с организации контроля как определенного внешнего действия. А дальше это действие контроля доводится до умственной, обобщенной, сокращенной и автоматизированной формы, когда оно, собственно, и превращается в акт внимания.

Обучая детей анализу и оцениванию, предлагаю задания, которые формируют произвольное внимание: проверка текста, задач, примеров, уравнений. Дети проверяют свои работы и работы друг друга, находят допущенные ошибки, фиксируют их в дневниках ошибок и исправляют. Для проверки предлагаются карточки — эталоны.

Когда сами учащиеся выполняют контроль, у них постепенно формируется и развивается произвольное и непроизвольное внимание, стойкая привычка к самоконтролю и самооцениванию своих действий, без чего невозможно формирование компетентной личности школьника.



Умение учащимися анализировать и оценивать собственную деятельность позволяет учителю:

- предоставлять учащимся возможности показывать свою компетентность;
- более точно определять объём содержания материала для усвоения учащимися;
- учитывать концептуальный, про-

цессуальный, поведенческий аспекты обучения;

- оценивать обучение как целостный процесс, как совокупность содержания или взаимосвязанных компетенций;
- реализовать индивидуальную или групповую оценку;
- ставить объективную оценку;
- ориентировать процесс обучения на непрерывную форму оценивания.

Чемпионат профессионального мастерства – «WorldSkills»

WorldSkills – международная организация, основанная в 1950 году. Организация продвигает профессиональное, техническое и ориентированное на сферу услуг образование и обучение.

Соревнования проводятся в форме конкурса профессионального мастерства, где участник должен продемонстрировать все свои навыки и за определенное количество времени выполнить ряд практических заданий. Стандарты WorldSkills позволяют «задавать планку» для подготовки специалистов высокого уровня и формулировать требования к выпускникам образовательных учреждений. Подобные чемпионаты создают новые идеи и тренды в подготовке квалифицированных кадров, возможность повысить качество профессионального образования и становиться центром совершенствования навыков профессионального мастерства.

В качестве жюри привлекаются ведущие эксперты в своей профессиональной области из различных бизнес-структур и образовательных организаций. WorldSkills повышает стандарты профессиональной подготовки в 75 странах-членах WS, работая с молодежью, педагогами, правительствами и производствами, подготавливая трудовые ресурсы и рабочие таланты сегодня, чтобы помочь в трудоустройстве в будущем.

Казахстан с 2014 года является полноправным членом международного движения WorldSkills International (WSI).

В Казахстане первый Республиканский чемпионат проведен в 2015 году. Так, с 2015 года было проведено 6 Республиканских чемпионатов WorldSkills Kazakhstan.

Для повышения рейтинга Казахстана на международных чемпионатах



тах — «Олимпиаде рабочих рук» среди стран-участниц движения WorldSkills организовывается подготовка конкурсантов (организациями ТиПО и их социальными партнерами) и участие Национальной сборной Республики Казахстан в международных чемпионатах WorldSkills.

Казахстан принял участие в 6 международных чемпионатах, показав улучшение позиций на 36 мест с 50 места.

Основные цели:

1. Выявление лучших мировых практик профессиональной подготовки молодежи и внедрение их в систему технического и профессионального образования (далее — ТиПО) РК;

2. Стимулирование инновационных процессов и внедрение новых технологий обучения в системе ТиПО Казахстана;

3. Развитие экспертного сообщества Казахстана через регулярную методическую помощь по совершенствованию учебных программ;

4. Повышение статуса человека труда и престижа технических профессий.

В Феврале 2019 года на базе Мангистауского Энергетического колледжа прошел первый внутриколледжный чемпионат по компетенции «сантехника и отопление». Участники чемпионата «Worldskills» проводили монтаж и эксплуатацию внутренних санитарно-технических устройств, водоснабжения и инженерных систем. Первое место занял студент группы ТМ-4/19 Кушпентаев Ильяс Куанышевич.

В мае этого года учебно - методический кабинет провел областной чемпионат. Задание разработал главный экс-

перт Мангистауской области по компетенции «сантехника и отопление». Тестовое задание состояло из нескольких пунктов, которые должны были быть выполнены от 20 до 22 часов в течение 3 дней.

Первое место занял студент «Мангистауского энергетического колледжа» Кушпентаев Ильяс Куанышевич. Ильяс показал себя на высшем уровне и получил направление на Республиканский чемпионат.

V Республиканский Чемпионат профессионального мастерства — «WorldSkills Kazakhstan 2019».

Более 400 молодых профессионалов (возрасте до 22 лет) из 17 регионов страны соревновались по 38 компетенциям WorldSkills и боролись за шанс выиграть медаль в выбранной компетенции. Оценивали конкурсантов порядка 500 экспертов.

В период с 11 по 15 ноября 2019 года проводился V Республиканский Чемпионат профессионального мастерства в городе Нур - Султан — «WorldSkills Kazakhstan 2019». «Мангистауский энергетический колледж» впервые принял участие на Республиканском чемпионате по компетенции «Сантехника и отопление». Из 10-ти команд Ильяс показал свое мастерство на высшем уровне и занял 1 место, под руководством мастера производственного обучения Мангистауского Энергетического колледжа Кенжалиевой Асель Кабиденовны.

В Республиканском чемпионате «WorldSkills Kazakhstan 2019» Мангистауская область завоевала 4 золота, 1 серебро, 4 бронзы и 7 медальонов.



*Технический делегат от колледжа Алгашев К.К.,
эксперт Кенжалиева А.К., участник Кушпентаев И.К.*



22 ноября все призеры и эксперты были приглашены в Мангистауский областной акимат. Заместитель акима Мангистауской области Жумашев Канибек вручил экспертам Благодарственное письмо за профессиональную подготовку и высокие результаты на V Республиканском чемпионате «Ворлдскиллс Казахстан 2019».

Руководитель управления образования Сейдалиев Аскар Абиевич вручил призерам Благодарственное письмо за высокие результаты на V Республиканском чемпионате «Ворлдскиллс Казахстан 2019».



Заместитель акима Мангистауской области Жумашев Канибек. Мастер производственного обучения «Мангистауского энергетического колледжа» Кенжалиева Асель Кабиденовна.



Руководитель управления образования Сейдалиев Аскар Абиевич. Студент «Мангистауского энергетического колледжа» Кушпентаев Ильяс Куанышевич.

Первый открытый чемпионат Узбекистана по рабочим профессиям прошел в Ташкенте 2019 году.

В конце ноября 2019 года участник и эксперт от Мангистауского Энергетического колледжа были приглашены на первый открытый чемпионат Узбекистан Скиллс. Несмотря на то, что было очень мало времени на подготовку, участники не отказались от приглашения и были настроены на победу.

16-17 декабря в Ташкенте прошел Первый открытый чемпионат Узбекистана по рабочим профессиям среди молодых специалистов от 18 до 22 лет по стандартам WorldSkills.

В течение двух дней участники соревнований получили возможность продемонстрировать свое мастерство по 10 профессиональным компетенциям:

Международный статус мероприятия придало участие конкурсантов и экспертов из Узбекистана, Казахстана, различных регионов России, а также наблюдателей из Кыргызстана. Для участия в мероприятии в Узбекистан прибыл президент ассоциации WorldSkills International Йос де Гой.

Среди 6 участников Мангистау занял 2 место. В завершении мероприятия прошла церемония вручения медалей и призов победителям чемпионата в различных категориях.





*Кенжалиева Асель Кабиденовна,
Кушпентаев Ильяс Куанышевич.*

В 2020 году областной чемпионат, из-за карантина в стране, прошел в рамках режима онлайн. Первое место занял студент «Мангистауского энергетического колледжа»

Аралбай Асхат Даулетович. Он показал себя на высшем уровне и получил направление на Республиканский чемпионат.

Республиканский чемпионат WorldSkills Kazakhstan 2021 прошел с 1 ноября по 10 декабря 2021 года на базе колледжей в городах Нур-Султан, Алматы, Актау, Атырау, Кокшетау, Костанай, Караганда, Семей, Павлодар. Всего организовано 18 соревновательных площадок. Более 450 молодых специалистов из всех регионов страны продемонстрировали свои навыки в 30 основных и более 40 дополнительных компетенциях.

В 2021 году Республиканский чемпионат по компетенции «Сантехника и отопление» проводился в Алматинском строительно-техническом колледже. Асхат показал свое мастерство и окончил работу удовлетворительно. Асхат получил медальон.



*Технический делегат Мангистауской области
Измухамедов Мирсат Айденович.*

*Технический делегат от колледжа Жанадилова
Айымгуль Турехановна.*

*Республиканский главный эксперт
Касымов Ержан Маратович.*



Эксперт Кенжалиева Асель Кабиденовна.

Участник Аралбай Асхат Даулетович.

Чемпион 2019 года Кушпентаев Ильяс Куанышевич.

Асель Кабиденовна КЕНЖАЛИЕВА,
мастер производственного обучения
Мангистауского Энергетического колледжа
г. Актау.



Жетіген аспабының дамуы туралы мәселелер

Халқымыздың сонау ғасырлар қойнауынан ата-бабаларымыз көзінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманат етіп жеткізіп берген рухани құндылықтарымыздың бірі және бірегейі дәстүрлі музыкалық өнеріміз екені белгілі. Сол дәстүрлі өнерімізден ойып тұрып орын алатын саласы — қаншама мың күйлерді, қаншама халық шығармаларын, халық арасынан шыққан композиторлар мен орындаушылар шығармашылығын қамтитын аспаптық музыкамыз. Қазіргі таңда бұл аспапты музыка саласы кеңінен тарап, бүгінгі мәдениетімізде кең қолданысқа ие болып отыр. Аспаптық музыкамызда өзіміздің ұлттық халық аспаптарымыздың, соның ішінде халық арасында кең тараған, бертін келе ұмыт болып, тек XX ғасырларда қайта жаңғырып, жетілдіріліп, тыңдаушысымен қайта қауышқан фольклорлық аспаптарымыздың алатын орны ерекше.

Бұл фольклорлық аспаптарды зерттеу жөнінде сөз қозғаған кезде, әрине, ең бірінші тілге тиек етіп сүйенеріміз зерттеуші-этнограф, профессор Болат Сарыбаевтың еңбектері болып табылады. Аспаптану ғылымы Қазақстанда тек 1964 жылдан бастап қана қолға алына бастады. Ұзақ уақыт халық тұрмысында тек домбыра, қобыз, сыбызғы аспаптары ғана қолданылып, аспаптардың не бары төрт түрі ғана белгілі болып келген. XIX ғасырдың ортасында белгілі этнограф-ғалым Шоқан Уәлиханов өз еңбектерінде көне аспаптардың халық тұрмысында қолданылмай, соның

салдарынан көптеген халқымыздың ән-күйлерінің орындалмай жүргендігі туралы жазған болатын. Көне музыкалық аспаптардың пайда болуы, дамуы, олардың түрлі ерекшеліктері туралы жазылған ғұлама ғалым Әл-Фарабидың еңбектеріне, белгілі зерттеуші Шоқан Уәлихановтың және басқа да XVIII ғасырда қазақ даласын зерттеуге ағылған саяхатшы-ғалымдар еңбектеріне сүйеніп отырып, Болат Сарыбаев қазақ халқының ұмыт болған көне аспаптарын зерттеуге білек сыбана кіріседі. Әртүрлі әдебиеттерде келтірілген деректерге, халық арасындағы аңыз әңгімелерін арқау ете отырып, іздестіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп, мұражайдағы бұйымдарды саралап, экспедицияларға шығу нәтижесінде жетіген, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау сияқты көптеген аспаптарды тауып, оларды қайта өңдеп, дамытып, түрлі оркестр, ансамбль құрамдарына қосып, тыңдаушысымен қайта қауыштырады. Осындай ізденістің барысында белгілі болған аспаптар саны 29-ға жетті.

Болат Сарыбаев өзінің «Қазақтың музыкалық аспаптары» еңбегінде музыкалық аспаптарды былайша жіктейді:

- 1) үрлеп тартылатындар;
- 2) ішекті;
- 3) мембраналы;
- 4) сым тілшелі;
- 5) сілкіп ойналатындар» [1, 58 б.]

Ішекті аспаптардың өзін шертіп ойналатындар және қияқпен ойналатындар деп екі топқа бөледі. Ішекті аспап-



тардың шертіп ойналатын тобына жататын көп ішекті аспабымыз — жетіген аспабы. Жалпы шертіп ойналатын аспаптардың ең көне түрлерінің даму тарихы күні бүгінге дейін бізге беймәлім болып отыр. Бұл саланы зерттеушілер тек әртүрлі болжамдарға ғана сүйене алады. XVIII ғасырдың ғалымдарының еңбектерінде садақ түріндегі көне аспаптан қыл қобыз пайда болған болуы мүмкін деген деректер де кездеседі.

Жетіген аспабының пайда болу және даму уақыты, таралу жолдары туралы нақты деректер жоқ болғандықтан, ерте заманда арғы аталарымыз мекендеген тарихи жерлерінде көп ішекті аспаптардың қолданылғаны айтылған ғалымдардың деректеріне сүйене отырып, жетігеннің арғы тегі сол заманнан бастау алатынын пайымдауға болады. Ол деректерде б.з.д. 3000 жылдары өмір сүрген Шумер елінде, Көне Хорезмде кифара қатарлы аспаптар, б.з.д. V-IV ғасырларда Пазырық қорғанында екі ішекті арфа тектес музыка аспаптары болғандығы көрсетіледі [2, 3 б.]

Уақыт өте келе бұл көп ішекті аспаптар әр түрлі даму сатыларынан өтіп, кейбір халықтарда кемелденген ұлттық аспаптарына айналып, кейбір халықтарда көне құрылымы ғана сақталып, ал енді бір халықтарда сұраныстан шығып, мүлде ұмыт болған. Бұл аспаптардың құрылымы, орындаушылық әдістәсілдері әр халықтың шығармашылық ерекшеліктеріне орай бейімделіп, жаңарып, дамытылып, түрлі өзгерістерге ұшырап отырады. Осылайша көне заманғы арфа тектес аспаптар бірнеше топтарға жіктеле бастайды: «1) тік ұстап ойналатын аспаптар — арфа тектес; 2) таяқшамен ұрғылап ойналатын аспаптар — цимбала тектес; 3) орындаушы

алдына жатқызып, саусақтарымен іліп ойнайтын аспап түрлері — цитра тектес». Қазақ халқының көп ішекті жетіген аспабы да осы цитра тектес аспаптар қатарына жатқызылады.

Көп ішекті цитра тектес аспаптарды зерттеген ғалымдар бұл аспаптардың құрылымы мен әуездік сипаттарын салыстыра келе, Азия елдері мен түркі халықтарының көп ішекті аспаптарына ұқсас және ол аспаптардың пайда болу, таралу жолдары бір болғандығын топшылайды. Азия елдерінің бірқатар халықтарында бұл аспаптар әр халықтың өзіндік әуендерін ғана емес, классикалық шығармаларды да орындайтын жітік қалыптасқан музыкалық аспапқа айналды. Бұл аспаптар қатарына қытайдың цинь, гучжен аспаптарын, жапонның кото аспабын, корейдің каягым аспабын, вьетнамның данчань аспабын жатқызуға болады. Түркі халықтары арасында көне аспаптарын осы күнге дейін өзгеріссіз сақтап қалған халықтар да бар. Атап айтсақ, хакастарда — чатхан, тувалықтарда — чадаган, тофиларда — чаттыган, татарларда — етиген, башқұрттарда — чанза аспаптары. Монғол халқының ятага аспабы қазіргі кезде жітік дамыған музыкалық аспаптары болып отыр.

XVIII ғасырдағы орыс саяхатшылары Лепехин И., Паллас П., Георги И. сияқты зерттеушілердің жазбаларынан түркі халықтары арасында қолданған көп ішекті шертпелі көне аспаптар туралы деректерді жиі кездестіруге болады. Саяхатшылар көп жағдайда қазақ ауылдарын да аралап көрген.

Сол этнографиялық мақалалардың бірінде: «Джатаган» деген атау аспапқа тағылған жеті ішекке байланысты алынған, өйткені «джаты» — жеті деген



сөз. Ол үшін ұңғылап жасалған ағаш жәшік сияқты, ұзындығы — бір жарым аршын шамасында, ені — аршының төрттен біріндей, ал биіктігі екі вершокқа жетеді, ұзын әрі кең бүйірлі жағы ашық қалдырылған, екінші бүйір жағы жабық. Жабық бүйірге жуандығы әртүрлі сым ішектер тағылады, олардың әрқайсысының астында екі тиектен болады. Ойнау кезінде жіңішке ішектерді бері қаратып қояды да, оны екі қолымен ұрғылайды, бір қолымен дауысқа ыңғайлай шертеді де, екіншісімен тиектен біршама жерден мұнды, әрі дірілдеп шығатын дауысты келтіреді» [1, 109 б.].

Б. Сарыбаев өз еңбегінде саяхатшылардың XVIII ғасырдың екінші жартысында кездестірген жетігендерінің кейбір түрлері тіптен қара дүрсін екендігін жазады. Академик П. Паллас солардың бірі туралы былай деп жазған: «Аталмыш аспап шағын шырша жәшігінен тұрады, оның түбі ғана бар, оған жуандықтары әртүрлі алты сым ішектері ешқандай құлақсыз-ақ керілген». Ертеде көптеген үй жабдықтары, музыка аспаптары, солардың ішінде жетіген де тұтас ағаштан ойып жасалатын болған. Мұндай жетігенде құлақ, қаппақ дегендер болмаған. Ішектер аспаптың сырт жағына қолмен керіліп байланған [1, 109 б.].

Сонымен қатар, жетіген туралы деректер басқа да көптеген саяхатшылардың мақалаларында келтірілген. Этнограф-саяхатшылардың еңбектерінен жетіген аспабы еліміздің кейбір аймақтарында XIX ғасырдың ортасына дейін қолданысқа ие болғанын байқаймыз. Одан кейін шамамен жүз жылға жуық уақыт қолданыстан шығып, ұмыт болған. Халық тұрмысында сұраныстан

қалып, жоғалған бұл аспапты халқына қайтаруда ұшан-теңіз еңбек сіңірген Болат Сарыбаев болды. Ол 1966 жылы Өзбек ССР-нің Бұқар облысындағы Тамды ауданына барған экспедициясында жергілікті домбырашы Жақсылық Елеусіновтың аузынан жетігеннің пайда болуы туралы көне аңыздың бір нұсқасын жазып алады. 1818 жылғы «Сибирский вестник» журналындағы мақалада жетіген аспабының суреттелуі бойынша Оразғазы Бисембаевқа өзі айтып отырып, 1966 жылы алғаш жетіген аспабын қайта жасатады. Бұл алғашқы нұсқадағы жетігеннің ішек саны 13 болып, одан 20 дыбыс алынды, диапазоны бір жарым октаваны құрады. Ішектердің құлақ күйлері құлақтарын бұрау арқылы және тиекті жылжыту арқылы келтірілді. Жетігеннің жетілдіріліп, екінші рет жасалған нұсқасына едәуір өзгерістер енгізілді. Даусы күшейтіліп, біршама әуездене түсті. Шанағы 180 мм-ге ұзартылып, соның нәтижесінде даусы жақсартылды.

Үшінші рет жасалған жетігеннің диапазоны екі октаваға жетті. Дыбыс қатарының төменгі бөлігіне бес ішек қосылып, шанақтың енін кеңейту нәтижесінде даусы күшейеді. Дыбыс қатарлары хроматикалық түрде болды. Осы үлгідегі жетігенді 70-жылдары алғаш сахнаға алып шығып, ән-күйлер орындап, халыққа ұсынған Т. Сарыбаев пен Қ. Мақанов болды. 80-жылдардан бастап Құсайынов Е., Жақыпбек Н., Меркеева С., Қылышбаева Ш. сияқты орындаушылар жетіген аспабын кеңінен насихаттады. Бұл аспап түрінің қыр-сырын зерттеп, дәстүрлі ән-күйлерді лайықтап, орындаушыларға бағыт-бағдар берген өнер зерттеушісі А. Райымбергенов болды. Ре-



пертуары кеңейіп, орындаушылары көбейген жетіген аспабы фольклорлық ансамбль, оркестр құрамдарында, жеке орындаушылық аспап ретінде де қолданыла бастады.

2002-2003 жылдары Алматы қаласындағы К. Байсейітова және А. Жұбанов атындағы Республикалық дарынды балалар мектептерінде көне аспаптардан алғаш факультативтік сыныптар ашылды. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында Халық музыкасы факультетінің деканы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Сахарбаева Карима Сүндетқызының жетекшілігімен жетіген сыныбы алғаш рет мамандық ретінде ашылып, оқытыла бастады.

Қазіргі таңда, жетіген аспабының зерттелуіне шынайы ден қойып, осы аспапты жетілдіріп, ары қарай дамытуға зор үлес қосып, оған дәстүрлі ән-күйлерді, сонымен қатар шетелдің классикалық шығармаларын лайықтап, жетігенді үйрету әдістемесін жасақтап, оқулық құрастырып, аянбай еңбек етіп жүрген — консерваторияның оқытушысы, өнер зерттеушісі Н. Жақыпбек. Ол жетігеннің құрылымдық ерекшеліктерін барынша зерттеп, орындаушылық мүмкіншіліктерін кеңейту мақсатымен бұл аспапқа тәжірибелер жүргізіп, жан-жақты ізденіс үстінде жүр. Болат Сарыбаев өз еңбегінде: «Жетігенді одан әрі жетілдіре беруге болады. Жетігеннің прима, альт, тенор және бас түрлерін жасау — қолдан келетін іс» деп айтқан болатын. Осы бір мақсатты басшылыққа ала отырып, музыка аспаптарының шебері Н.Абдрахмановпен бірлесіп, өзі қадағалап жүріп жетігеннің бас түрін жасатып шығарды.

XX ғасырдың орта кезінен кері жаң-

ғыртылып, қолға алына бастаған жетіген аспабымызға елу жылдан астам уақыт ішінде көптеген өзгерістер енгізіліп, диапазоны кеңіп, репертуары да молайып, біршама жетілдірілді. Халық арасында, соның ішінде, кейінгі жастар арасында зор сұранысқа ие болып, жетігенді меңгеруге деген құштарлық артып отыр. Десек те, жетіген қазіргі таңда домбыра, қобызымыз сияқты толыққанды жетілген, нақты бір жүйеге келтірілген аспап ретінде толық өз деңгейіне жете алмай отыр. Атап айтсақ, диапазоны жағынан да, құрылымдық ерекшелігі жағынан да әлі де толық зерттеуді, тұрақты бір жүйені қалыптастыруды қажет етеді. Кейбір шығармаларды, әсіресе, классикалық шығармаларды ойнаған кезде кездесетін кездейсоқ белгілерді (диез, бемоль) алу әлі күнге дейін қиындық тудырады. Қорыта келгенде, ендігі мақсат аталған проблемаларды шешу жолдарын іздестіріп, жетіген аспабын жан-жақты жетілген, толыққанды қалыптасқан аспаптар қатарына көтеру мәселесі болып отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. — Алматы, 1981.
2. Жақыпбек Н. Жетіген үйрену мектебі. — Алматы, 2011.
3. Мұқышев Т. Сыбызғы сазы. — Алматы, 2005.

**Қурманкыз Жарқынбекқызы
АЛПЫСБАЕВА,
Асемкуль Илмуратовна САУРБАЕВА,
Н. Тлендиев атындағы саз мектебінің
қазақ ұлт аспаптар бөлімінің домбыра
сыныбы оқытушылары.
Талдықорған қаласы,
Алматы облысы.**



Әр мұғалім шебер бола білуі керек



**Карлыга
Сайновна
КАРИМСАКОВА,
№42 ЖББМ орыс
тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Әуезов ауданы,
Алматы қаласы.**

Ақырын жүріп анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға, - деп ұлы Абай атамыз айтқандай, ұстаз болу, ол үлкен жауапкершілік. Өйткені ұстаздың берген білімі, сөйлеген сөзі, жүріс-тұрысы — өскелең ұрпаққа үлгі. Біз өзіміз әлі күнге дейін өзімізге сабақ берген ұстаздарымызды үлгі тұтамыз. Өзім мұғалім болып істеп жүргеніме 30 жылдай уақыт болыпты. Анам мектепте бастауыш сынып мұғалімі болды. Осы мамандықты таңдағаным содан болар. Жоғары оқуда оқып жүргенімізде, бізге алдарында отырған балалар тап-таза тақта сияқты, не жазасыңдар, соны аласыңдар дейтін ұстаздарымыз. Бастауышта оқып жүрген балалар мұғалім айтқанының бәрін орындайды. Сол себепті бастауышта баланды оқытқанда жақсы ұстаз таңда деп айтып жатады. Кішкентай кезімізде біз жазуымызды әдемі жазуға тырысатынбыз, өйткені бізді мұғаліміміз солай үйретіп отыратын. Үйде сабағымызға дайындалып, орындап, сабақ үстінде тыныш отыратынбыз, мұғалімнің түсіндіргенін тыңдап, жауап беріп, жақсы баға алуға тырысатынбыз. Ал қазір технология дамыған уақытта, мұғалімнің дамуына көп мүмкіндіктер бар. Мұғалім күнделікті бі-

лімін толықтырып, ізденіп отыруы керек. Қазір балалар ғаламтор арқылы барлық ақпараттарды ала алады, тек дұрыс бағыт-бағдар беру керек. Ұстаз деген шебер болу керек. Шебер алдындағы рудадан қалай металл алса, ұстаз да алдындағы балаға дұрыс бағдар беріп, әр баланың жүрегіне жол таба отырып, білім нәрін төге білуі керек.

Әр бала әр түрлі, әрқайсысымен тіл табыса отырып, білім беруіміз керек, сол себепті шебер болу керек деп ойлаймын. Мен өзім сабақ басталғаннан оқушыларды баурап алуға тырысамын, сабақты күнделікті өмірмен салыстыра отырып түсіндіруге әрекет жасаймын, одан кейін міндетті түрде тәлім-тәрбие беріп отырамын. Бұрынғы кезде көрнекі құралдарды пайдаланатынбыз, қазір интерактивті тақта арқылы слайд, презентация көрсетеміз, сол арқылы түсіндіреміз. Негізі бала көре отырып тыңдаса, жақсы ұғады, сабақ кезінде көптеген амал-тәсілдерді пайдалануға болады, оны да әр баланың ынтасына қарай таңдай отырып, жеткізе білу керек. Ол да мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қазіргі кезде біз оқушылардың өздігінен білім алуларына ықпал жасап, жол сілтеп отыруымыз керек. Иә, тәрбие тез арада болмайды, осы еңбек еткен уақытымызда көп нәрсені тек үлкендерден ғана емес, жастардан да, оқушыларымыздан да үйрендік. Орыста мынандай мақал бар: «Век живи, век учись» деген, сондықтан біздің әлі үйренеріміз көп... Қазір мұғалім болып жұмыс істеу өте ауыр, өйткені балалардың ынтасы төмендеп барады, кітапты аз оқиды, жазулары да мәз емес, орфографиялық қатені де көп жібереді, әрине, бәрі бірдей емес, бірақ сондай оқушыларымыз көп, жас



ұстаздарымыз шыдамай, жұмыстарын тастап кетіп жатыр. Егер мамандығыңды жақсы көрсең, бәрін жеңуге болады деп ойлаймын. Қазір нағыз ұстаз болу шыдамдылықты, ізденімпаздықты, шебер-

лілікті талап етеді. Сондықтан жастарға, ұстаз мамандығын таңдағаннан кейін, оның үлкен жауапкершілігі мол, жауапты мамандық екенін ұмытпау керек деп айтар едім.

Тәуелсіздік – ел тарихы



**Гүлзат
Тұрарбекқызы
ДЖАМАЛОВА,
Кентау көпсалалы
колледжінің тарих
пәнінің оқытушысы,
Кентау қаласы,
Түркістан облысы.**

Тәуелсіз ел тарихы — отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін тамыры терең бай тарих. Елім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз ауылынан, өз өлкесінен басталады.

Биыл еліміздің Тәуелсіз Қазақстан Республикасы атанғанына 30 жыл. Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де ұмытылмайтын оқиғалар болды. Ұмытылмайтын себебі ол оқиғалардың барлығы халық тағдырымен байланыстылығында. Қоғам құрсағында жетілген қайшылықтардың салдары ретінде көрінген мұндай құбылыстардың талайы тарихтан белгілі. Өткенге көз салсақ:

-1723 жыл — Жоңғарлар шапқыншылығы, тарихта «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен қалды.

-1929-1933 жж. Ұжымдастыру салдарынан адамдардың жаппай аштан қырылуы.

-1936-1938 жж. Репрессия.

-1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы.

-1986 жыл — Желтоқсан оқиғасы.

Ұлт тарихы — ұрпаққа өнеге демекші, тарих толқынында талайды бастан кешірген қазақ елі өз тәуелсіздігін алған тұста дұрыс таңдау жасағанын бүгінгі таңда уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Осындай ұмытылмас тарихи оқиғаларды есте мәңгі сақтауымыз керек.

Қазақ елі үшін тәуелсіз ел болып, дербес канат қағатын қырандай қайратты мемлекет дәрежесіне жету-ең ардақты да асыл арман еді. Сондай бір көргенде жан түршігерлік, есіткенде естен танатын, жас өрендердің «тәуелсіздік пен әділеттілікті» аңсап шырқыраған даусымен үрейленген жанарлары суреттей болып таңбаланған ызғарлы желтоқсан оқиғасы ешқашан ұмытылмайды.

1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастары «Әр республикаға өзінің басшысы», «Қазақстан жасасын!», «Езу мен қанаусыз еркін, ерікті даму үшін!» - деген сияқты қазақ, орыс тілдерінде жазылған жазбаларын жая ұстап, бейбіт шеруге шықты. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы қасіретті күн еді. Бұл қасіретті күн жүздеген қыршындардың канатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік үні еді. Осы көтерілістің арқасында 1991 жылы біздің



еліміз өз алдына егемендік алып, тұңғыш президентімізді сайлап, тәуелсіз егеменді ел болдық. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осыдан 45 минут өткен соң Түркия Республикасы бірінші болып Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін таныды. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері бекітілді. 1992 жылы 2 наурызда Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданғаннан бастап, Қазақстан әлем қауымдастығының толыққанды мүшесі болды. Оның дүниежүзілік аренадағы беделі өсті. Демократиялық мемлекеттің негізі қаланды. 1993 жылы 28 қаңтарда тәуелсіз мемлекетіміздің негізгі заңы Конституция қабылданды. 1993 жылдың 15 қараша күні ұлттық валютамыз – теңге айналымға енді. Тұңғыш рет ақша бетінде әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шоқан Уәлиханов, Абай, Әбілқайыр хан, Абылай хан бейнелері жарық көрді. 2006 жылы Бәйтерек бейнесімен жарық көрді. Қазақстанның тарихын ғана емес, сәулеті мен табиғаты да бейнелеген. Теңгенің бетінде ашық алақан, тұңғыш президенттің қолы, әнұранның ноталары басылды. 2011 жылдан бастап жаңа дизайндағы валюта айналымға шықты. Бір жақ бетінде «Қазақ Елі» монументі мен ұшып бара жатқан кептерлер жарияланды. Екінші жақ бетіне суретшілер Алматы қаласының, Ертіс өзенінің, Үстірт жазығының панорамасы бейнеленді.

1995 жылы 30 тамыз күні тәуелсіз ел — Қазақстан Республикасының Ата Заңын

қабылдады. Ол еліміздің демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуына мол ықпалын тигізді. Конституция күні барша Қазақстандықтар Отан қорғаушылардың сап түзеп, әскери шерумен халық алдында жүріп өткенін ғана тамашалап қоймай, ел әскерінің техникалық қуатына да куә болдық.

2006 жылы 6 қаңтарда әнін Шәмші Қалдаяқов, сөзін Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев жазған «Менің Қазақстаным» атты Қазақстан Республикасының жаңа мемлекеттік әнұраны бекітілді.

Тәуелсіз қазақ елінің осындай биік белестерден көрінуі — ата-баба аманатының жемісті жеңісі. Елбасымыз: «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек», - дегендей, қап-қара түнектен кейінгі тәуелсіздіктің нұрлы таңының қалай атқанын ұмытпай, бүгінгі жетістіктерімізді мақтан тұтып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық! Тәуелсіздік жылдарындағы толағай табыстар одан әрі арта берсін!

Егемен еліміздің ең ұлық, ең қастерлі мерекесі — Тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік халқымызға аспаннан түскен құдіреттің сыйы емес. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының, дабылды, дауылды күресінің заңды жалғасы. Олай болса, егеменді еліміздің еркіндігін сақтар мықты ұрпақ, мықты азамат болуымыз керек.

Тәуелсіздік пен ерліктің үлгісі дала қыраны шарықтай берсін демекпіз.

Қақ жарған көкте, бейнелеп қыран байрағын,

Жеткізген жатқа, егемен елден айғақ үн.
Тұғырға қонған Тәуелсіздіктің арқасы,
Шуақты танда алмасып жатса, айға күн.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы арқылы оқушыларды рухани тәрбиелеу

«... Беделді халықаралық зерттеу қорытындылары біздің оқушылардың оқу сауаттылығы бойынша дағдылары жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетіп отыр. Сондықтан оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басым бағытына айналуы тиіс. Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы тануы мектеп қабырғасында қалыптасу керек. Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет».

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 22 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің IV отырысында сөйлеген сөздерінен....

Кітап — адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін — тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап — ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы — кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің.

Қазіргі уақыт — секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн», - деген болатын. Соған орай, жас жеткіншектердің қызығып оқитын кітаптарын көптеп шығарып, алыс ауылдардағы мектептерге таратудың маңыздылығын ескере отырып, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың

тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «2021-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының мектеп кітапханаларын дамытудың жол картасы аясында оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру бағытындағы «Оқуға құштар мектеп жобасы» қолға алынған болатын.

Жобаның мақсаты: білім алушылардың оқу сауаттылығын және кітап оқуға қызығушылықтарын арттыру;

Жобаның міндеттері:

- білім алушылардың оқу мәдениеті мен оқу белсенділігінің деңгейін өзара іс-қимыл және әлеуметтік әріптестік арқылы арттыру;

- мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;



- мектеп жобасын іске асыру үшін ата-аналарды іс-шараларға тарту;
- балаларды оқуға тарту бойынша әдістемелік материалдар жинағын жасақтау.

Жобаның негізгі бағыты: «Мектеп-Мұғалім-Бала-Отбасы» желілік өзара әрекетін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасақталып, ауданымыздың 19 мектебінде 6 бағыт бойынша жұмыстанып жатыр:

1. «Барлық пәндер арқылы өту»;
2. «Еркін оқу кеңістігі»;
3. «Кітап оқу арқылы өзін-өзі дамыту»;
4. «Отбасылық оқудың дәстүрлері»;
5. «Оқу уақыты»;
6. «Мектеп кітапханаларының қызметін ұйымдастыру».

Жоба аясында Абай мектеп бөбекжай-балабақша кешенінде «Отбасылық оқудың дәстүрлері» бағытында «Бір отбасы – бір кітап» кітап оқу акциясы бойынша 5-8 сынып оқушылары арасында ата-аналарымен бірге отбасылық кітап оқу акциясы ұйымдастырылды. Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Балаларды

жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларын бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым қатынасты қалыптастыру болатын. Нәтижесінде: Отбасылық оқу – баланың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттырады. Бірге кітап оқу арқылы отбасының қарым-қатынасын нығайтады. Отбасылық кітап оқу баланың өмірге деген қызығушылығын арттырады. Оқыған кітабы туралы және кітапта түсінбеген сұрақтарына жауап алу арқылы ата-ананың бала алдындағы мәртебесі артады. Отбасылық кітап оқу баланың жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізумен қатар, табысты болып өсу қабілеттерін жетілдіретіні сөзсіз. Сондықтан ата-аналардың балаларды кітап оқуға баулуы өте маңызды. Бұл іс-шара арқылы кейінгі жастарға отбасылық ынтымақ пен татулықты дәріптеу. Тақырыптық кештің мақсаты – отбасылық құндылықтарды насихаттап, кітап арқылы мейірімділік пен адамгершілікке тәрбиелеу. Жобаны насихаттау, көпшілікпен бөлісу мақсатында мектептің Инстаграм, Фейсбук парақшаларына жүргізілген жұмыстар үздіксіз жарияланып отырылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы ая-





сында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру, мектеп кітапханаларының материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша алдағы уақытта кешенді шаралар көзделіп отыр. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша барлық мектеп-

терде іс-шаралар үздіксіз жүргізіліп, жоба бағыттары жүзеге асырылуда.

А. СИСЕНБАЕВА,
Сырым ауданының білім беру бөлімінің
кітапхана қоры бойынша әдіскері.
Сырым ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімдердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру

«Қалыптастырушы бағалау — оқу мақсатына бастайтын жол» тақырыбындағы желілік қоғамдастық аясындағы қалалық семинар	
Қатысушылар	тірек мектептер мұғалімдері    
Тақырыбы	ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ (бағалау құралдары, әдістері мен стратегиялары)
Мақсаты	Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыруды, бағалауды жүргізудің практикалық дағдыларын дамыту
Күтілетін нәтиже	Тарих пәні бойынша оқу мақсаттары мен бағалау критерийіне сәйкес қалыптастырушы тапсырма құрастыру Оқу мақсаттарына ойлау деңгейлері мен бағалау критерийлерін сәйкестендіру
Әдіс-тәсілдер	Түсіндіру, топтық жұмыстар орындау, жетістік критерийлерін қолдана отырып, өз-өздерін бағалау.
Құрал-жабдықтар	Компьютер, интерактивтік тақта, дыбыстық құрылғы, слайд
Шеберлік сыныбының барысы	



Жұмыс кезеңдері	Кезеңнің мазмұны	Қатысушылардың іс-әрекеті
2 мин 1. Ұйымдастыру кезеңі «Геометриялық фигураларды тандау» әдісі Мақсаты: Мұғалімдерді шебер сынып мақсатымен таныстыру Міндеті: Бір-бірімен таныстыру, топқа бөлу	Танысу Шеберлік сыныбының тақырыбы мен мақсатын таныстыру Тақырыпты меңгеруге психологиялық атмосфера қалыптастыру Геометриялық фигура көмегімен қатысушыларды 3 топқа бөлу (шаршы, үш бұрыш, дөңгелек) Күтілетін нәтиже қойылған мақсатпен байланыстырылады. (слайд)	Геометриялық фигура көмегімен қатысушыларды 3 топқа бөлінеді. (шаршы, үш бұрыш, дөңгелек) Күтілетін нәтижені ортаға салу
5 мин 2. Кіріспе Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімдердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру (бағалау құралдары, әдістері мен стратегиялары)	Қалыптастырушы бағалау бойынша мұғалімдердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Таныстырылым. Ресурстар Оқыту келесі концептілердің (түсініктердің) негізінде құрылуы тиіс: өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады) себеп-салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);	Зейіндерін аударады. Диалогқа қатысады, осы тақырып бойынша өздері не білетіндерімен бөліседі. Тарих сабағының оқыту концептілерімен танысады.
Критериалды бағалау туралы түсінік/ Қалыптастырушы бағалау/	дәйек (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады); ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар); маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде); интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).	
Тәжірибелік бөлім		
Жұмыс кезеңдері	Кезеңнің мазмұны	Қатысушылардың іс-әрекеті



10 мин Тәжірибелік бөлім Мақсаты: қалыптастырушы бағалаудың стратегияларымен таныстыру. Тәжірибе жұмыс жасату арқылы бағалау критерийлері мен дескриптор құру	1-тәжірибелік жұмыс. Оқу мақсаттары беріледі, оған сәйкес қалыптастырушы тапсырма, бағалау критерийлерін және дескриптор құрастыру ұсынылады. Оқу мақсатына сай, ҚБ тапсырмасы және дескриптор құрастыру ұсынылады. Сәйкестендіру тапсырмасын құрастыру тапсырылады. Күтілетін нәтижені анықтап, бағалау критерийлерін құрастырады. Дескриптор құрастырады. Тренер бағалау нәтижесін ұсынатын (өзара бағалау, өзін-өзі бағалау нәтижесін) 2-3 қатысушыны таңдайды	Мұғалімдер топта тәжірибелік жұмысты орындайды. 1. Қазақстан тарихы бойынша қалыптастырушы тапсырмасын дайындайды; 2. Бағалау критерийлерін құрады; Постер қорғайды. Өз пікірлерін білдіреді.
2 мин	2-тәжірибелік жұмыс 1-тәжірибелік жұмыс барысында алған білімін пайдалана отырып, топтың орындаған жұмысына кері байланыс беретін 2-3 қатысушыны тренер арқылы таңдап алады. Берілген кері байланыстың сапасы туралы, топта талқылау жүргізіледі. Ол тиімді әрі пайдалы болды ма? Кері байланыстың үлгісі көрсетіледі.	
3 мин	Тренер кері байланыс берудің үлгілері мен түрлері туралы түсінік береді. Қорытынды бойынша тұжырым жасалады: Қалыптастырушы бағалауда мұғалімнің шеберлігі көп рөл атқарады. Мұғалімнен ізденуді, түрлі тәсілдерді қолдануды талап етеді. Мұғалім өзін-өзі, өзара бағалау түрлерін қолдана отырып, жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда қысқа мерзімде қажетті білім алушылар санына кері байланыс бере алады. Кері байланысты барлық білім алушыға бір мезетте беру міндетті емес. Оқу жетістігі төмендеу білім алушыларға көңіл бөлу қажет.	
2 мин	Тренер кері байланыстың түрі мен формасын мұғалімнің өзі анықтайтындығын түсіндіреді. Ең бастысы ол уақытында берілуі тиіс және пайдалы болғаны жөн.	
	3-тәжірибелік топтық жұмыс (слайд). Берілген тақырып бойынша Оқу сауаттылығына байланысты қалыптастырушы бағалау тапсырмасын құрастыру Оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттары беріледі Оқу мақсаттары мен бағалау критерийіне сәйкес тапсырма құрастырыңыздар Тапсырмаға сәйкес дескриптор құрастырыңыздар. ҚБ тапсырмасын бағалау әдістерін ұсыныңыздар	



Қорытынды 2 мин	Қалыптастырушы бағалау оқу материалын түсінудің ағымдық деңгейін тексеруге бағытталған, сабақ барысында оқуды бағыттау және қолдау үшін қолданылады. Белгілі бір оқу кезеңі аяқталған кезде білім алушылардың оқу материалын меңгеру деңгейін тексеру үшін жиынтық бағалау жүргізіледі. Оқуды түзету үшін қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушыларға кері байланыс берілуі керек. Жиынтық бағалау кезінде кері байланыс беру міндеттелмеген, дегенмен кері байланыс беру (мысалы, рубрика) оқу материалын әрі қарай меңгеруіне оң әсерін тигізеді. Рубрика білім алушының БЖБ-ға дайындалуына септігін тигізеді. Қалыптастырушы бағалау нәтижелері тоқсандық баға қоюға әсер етпейді, дегенмен мұғалім қалыптастырушы бағалаудың сапасы білім алушылардың жиынтық бағалаудың дұрыс орындауына септігін тиігізетіндігін ескеруі керек. Тоқсандық баға жиынтық бағалау нәтижелерінен тұрады.
Кері байланыс 2 мин	Рефлексия Таратпа материал: Рефлексия
Соңы	

Дина Омаровна БЕКНАЗАРОВА,
 №64 мектеп-лицейінің тарих пәні мұғалімі.
 Нұр-Сұлтан қаласы.




№71 сабақ. Атау септік





Гүлзат Абжетовна АБЖЕТОВА,
 Алшын Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беретін
 мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
 Шетпе селосы,
 Маңғыстау ауданы,
 Маңғыстау облысы.


Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты	4.2.3.1 — мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушы: Атау септікпен танысады, біледі. Сөйлем құрады. Сөздерді септеуді біледі.



		Басым бөлігі: Шешім табуға бағытталған сұрақтарды табады, құрастырады Табиғи апаттар туралы танымын кеңейтеді. Сөздерді септей алады. Кейбір оқушылар: Іс-әрекетке баға береді, тұжырым жасайды, өз ойын дәлелдейді.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагог әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру 2 минут	Сабаққа дайындық жасау. Психологиялық ахуалды жақсарту.	Шаттық шеңберін 	Мақтау мен мадақтау	
Өткен білімді еске түсіру 3 минут	Барабан көмегімен 3 топқа бөлінеді. Wordwall бағдаламасы бойынша үй тапсырмасын сұрау. Адам, табиғат сөздерін септеп жазып келу. А.С. адам, табиғат І.С. адамның, табиғаттың Б.С. адамға, табиғатқа Т.С. адамды, табиғатты Ж.С. адамда, табиғатта Ш.С. адамнан, табиғаттан К.С. адаммен, табиғатпен	Үй тапсырмасын оқиды Сөздерді септейді	Дескриптор: Сөздерді септей алады – 1 Б Септік жалғауларын ажырата алады – 1 Б Б: 	Word-wall бойынша ұяшықтар таңдау арқылы септіктерді қайталайды. 
Жаңа білім 7 минут 2 минут	Сабақтың мақсаты айқындалады. Жаңа тақырып Оқулықпен жұмыс. 31-жаттығу. Мәтінді оқу, түсіну. Қар көшкіні туралы бейнебаян көру. 1. Қар көшкіні деген не? 2. Қар көшкіні болатын ең қауіпті кезең қай кез?	Оқып танысады. Бейнебаян көреді Сұрақтарды жазады	Дескриптор: Қар көшкіні туралы білімі бар – 1 Б Атау септік сөздерін табады – 1 Б	Қар – снег – snow  Акт Қар көшкіні туралы бейнебаян



2 минут	3. Қар көшкіні болған жағдайда не істеу керек? Қар көшкіні дегеніміз — қардың тау беткейінен төмен қарай жылдам жылжуы. Қар көшкіні-не? Атау септікте тұр.	Бастауыш пен баяндауышты табады	ҚҚБ: 	
5 минут	Ережемен жұмыс Атау септігі Кім? Не? Кімдер? Нелер? сұрақтарына жауап береді. Атау септігіндегі сөздер сөйлемде негізінен бастауыш болады 32-жаттығу. Жеке жұмыс Өленді көшіріп жазып, атау септігіндегі зат есімдерді табу.	Ережемен жұмыс жасайды. Мысалдар келтіреді. Өленді көшіріп жазады	Дескриптор: Атау септіктегі сөздерді ажырата алады — 1Б Сең туралы мәлімет бере алады — 1Б	Ереже
2 минут	Өзен, мұз, арна, сең — не? Сөйлемде бастауыш болып тұр. Сең қозғалғанда су басу қаупі күшейеді. Ондай жағдайда құтқарушыларға хабар беріп, басқа жаққа тез кету керек.	Бастауыштарды табады Саусақтарын түрлі қимыл жасау арқылы жаттықтырады, әрі демалтады.	 	Акт. Сең туралы қысқаша ақпарат Септік жалғаулары жазылған плакат
4 минут	Сергіту сәті Саусақ-қол маторикасын дамыту жаттығулары Нейрогимнастикалық жаттығулар.	Сөйлем құрайды. Тақтамен жұмыс.	Дескриптор: Сөздерден сөйлем құрауды біледі — 1Б	Акт Көңілді әуен мен бейнебаян
10 минут	33-жаттығу. Жұптық жұмыс. Қазақстан — менің туған жерім. Тау бөктеріндегі гүлдер жайқалып тұр. Көшкін жүргенде абай болу керек. Өзен көктемде тасиды. Сең жүре бастайды.	Сөйлем құрап жазады	Атау септік ережесін айтады — 1Б 	

Бекіту 3 минут	Бұл сөздер сөйлемде атау септікте тұр. 34-жаттығу. Топтық жұмыс. Дос, әке, ана сөздерін: 1. Септейді; 2. Атау септігінде тұратындай етіп сөйлем құрады; 3. Атау септігінде тұрғандығын дәлелдейді. Дос деген әрқашанда қасында болады Әке — өмірдегі ең қымбат жандардың бірі. Ана — ең жақын жан. 35-жаттығу. «Көбелектерді өз гүліне қондыр» ойыны. Атау — Кім? Не? Ілік — Кімнің? Ненің? Барыс — Кімге? Неге? Табыс — Кімді? Нені? Жатыс — Кімде? Неде? Шығыс — Кімнен? Неден? Көмектес — Кіммен? Немен?	Оқулықтағы үлгімен дәлелдеп сөйлейді. Дос, әке, ана — атау септігінде тұр, өйткені кім? деген сұраққа жауап береді. Ойын арқылы сабақты қорытындылайды. Ақ паракка сабақтан алған ШЫН әсерін жазады да Қар жасап домалақтайды. Төрт қабырғаға тұрады да, бір-біріне лақтыра бастайды. 1 минуттан соң тоқтап жақын жатқан қағазды алып оқиды. Қабырғадағы тиісті жазба қасына тез барып тұрады да оқып дәлелдейді.	Дескриптор. Сөйлем құрау дағдысы қалыптасқан — 1Б Атау септік сұрақтарын біледі — 1 Б. ҚБ:  ҚБ  «Қиын, Қызық, Қажет» әдісі бойынша сабақтан алған әсерлерін айтады. Өз ойын ашық жеткізуге толық мүмкіндік болады. Мақсатым келесі сабаққа бағыт алу.	А3 парақтар, түрлі маркерлер мен стикерлер.  Септік жалғауы жазылған парактар Кері байланыс парактары 
Кері байланыс 5 минут				



Кері байла- ныс 5 минут	«Қиын, Қызық, Қажет» әдісімен Қар домалақтарын- дағы сөздерді оқып шығады. Дәлелдеп үйренеді. 3 Қ әдісі <table><tr><td>Қызық</td><td>Қажет</td><td>Қиын</td></tr></table> Үйге тапсырма Барлық оқушы: Қыс, қар сөздерін септеп жа- зады. Ереже жаттайды. Кейбір оқушылар: Табиғи апаттар туралы ақпар- лама жасайды.	Қызық	Қажет	Қиын	Кері байла- ныс береді. Үйге тапсыр- ма алады.		
Қызық	Қажет	Қиын					



Амирхан ХАЙДАРОВ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 9 «Ә» сынып оқушысы, «Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Теректі ауданы, Батыс Қазақстан облысы.

Оқушылар шығармашылығы

Бауыржан атаның аманаты

Бауыржан Момышұлы-даңқты қолбасшы, ұлы стратег әрі жауынгер, қазақтың қайсар ұлы. «Әрбір жасаған іс-әрекеті өнеге тасиды», – дейді Зейнеп апамыз. Осынау сара жол салып кеткен шоқтығы биік тұлғаның, артынан қалар ұрпақтың адал ізді басып жүрулерін қалағаны анық. Бірақ, ол үшін бір бағыт-бағдар болу керек емес пе? Ол – аманат.

Алаштықтардың көзін көрген, Момыш молданың тәрбиесінен өтіп, Имаш ақсақалдан өрбіген, әскери өмір мен қантөгіс соғыс кешкен Бауыржан Момышұлының аманаты қандай екен? Әлбетте оның аманаты өмірлік серіктері бойында, қол астындағы сарбаздардан талап еткен асыл қасиеттермен тығыз байланысты. Атамыздың ең қатты жек көрген екі дүниесі болған екен. Алғашқысы – қорқақтық, екіншісі – өтірік. Соғыста сарбазын қорқақтығы үшін ату жазасына кескенінен және «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деген сөзінен байқай аламыз. Жолдасы айтпақшы: «Бәукең көзіме тіке қарағанда, денеме мыңдаған ине кеп тығылғандай», – депті. Ол ұрпағына отаншылдық пен батырлықты насихаттады.

Міне, Бауыржан Момышұлының басты аманаты. «Отан үшін отқа түс, күймейсін», «Бақаның бағынан, сұңқардың соры артық» деп өткен бабамыз бұны тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де көрсетті. Көрсеткенде қандай десеңші?! Оның бұл аманатының мәні неде? Аталардың қанымен, әжелердің жасымен сақталған Отанды, шынжырдан өткен ғұмырмен теңескен туған жерді келер ұрпақтың бос жолда сарп етуін қаламады. Демек, Бауыржан атамыз батырлық пен отаншылдықпен қатар Отанның өзін де, ұлттық құндылықтарды да аманаттады. Қазақ – аманатқа қиянат жасамаған ары таза, сәбидей пәк халық. Ендеше, қайсар мінез Бауыржан Момышұлының аманатына қиянат жасауға қандай қақымыз бар? Білім нәрімен сусындап, қазақ елін қорғар азамат болып, салауатты өмір салтын ұстайық. Біз, жалынды жастар, Қазақстанымызды көркейтер ұрпақ екенімізді ұмытпайық.